спрос на фаршевые полуфабрикаты и готовые изделия из мяса постоянно возрастает, а необходимость в создании здоровых продуктов питания становится очевидным фактом. В связи с этим одной из задач производителей является расширение ассортимента продукции здорового питания – новых видов мясных изделий с использованием функциональных ингредиентов.

В настоящий период глубокая переработка сырья с одновременным введением в состав многих традиционных продуктов питания функциональных ингредиентов, биологически активных добавок позволяет изменить пищевую ценность и придать функциональное назначение продуктам. Поэтому разработка новых технологий физиологически функциональных веществ из растительного сырья и их включение в рецептуры при создании новых видов продукции позволяет адекватно регулировать пищевые потребности человека.

Казахстан, согласно оценкам международных организаций, занимает 48 место из 117 стран по потреблению мяса и мясной продукции. Мясоперерабатывающая промышленность остается ключевой отраслью агропромышленного производства республики и объединяет в себе множество профилей. Производство мяса индейки является одним из перспективных направлений в птицеводческой отрасли и достойной альтернативой телятине/говядине. Производство мяса индейки имеет более интенсивные методы и высокую эффективность, при которых достигается наибольшая отдача в расчете на единицу затраченного корма, по своей стоимости оно является более доступным среди других видов мяса. Мясо индейки является конкурентоспособной, экспортноориентированной и импортозамещающей продукцией, что в дальнейшем при развитии производства позволит снизить уровень импорта мяса птицы [2, с. 15].

Значительный дефицит мяса птицы в стране и быстро растущий уровень его потребления позволяют оптимистично смотреть на дальнейшее развитие в Казахстане рынка мяса птицы в целом и рынка индейки в частности.

По планам перспективного развития птицеводства страны к 2020 г. производство мяса индейки в Казахстане составит 60 тыс. тонн, в том числе порядка 20 тыс. тонн мяса индейки планируется производить, используя возможности сельскохозяйственной кооперации.

Индейка является «мировым» мясным продуктом, т.к. не существует ограничений по ее употреблению, в том числе по религиозным убеждениям, кроме того, оно гипоаллергенно. В отличие от свиней, крупного и мелкого рогатого скота, индейка отличается высокой скороспелостью, достигая убойной массы в 2–4-х месячном возрасте, выгодным соотношением массы мяса к массе костей (при живом весе птицы в 18–20 кг убойный выход мяса составляет 80–85 %, костная масса 20–25 %). Особое место занимают такие породы как «Северокавказская серебристая», «Хидон» и «Темная тихорецкая» индейка. Эти модификации, полученные от скрещивания белоснежных, темных и бронзовых пород, имеют высокий прирост живой массы, превосходящий кур, уток и гусей. Выход мяса на 10 % выше, чем у цыплят бройлеров, а затраты корма на 1 кг съедобных частей тушки на 15–20 % ниже, чем в бройлерном производстве.

Продукты с мясом индейки имеют высокую пищевую ценность, которая характеризует способность обеспечивать потребности организма в белках, липидах, минеральных веществах и витаминах. В отличие от свинины и говядины, мясо индейки имеет высокое содержание полноценных белков, так как в нем относительно мало соединительной ткани, она менее грубая, следовательно, меньше неполноценных белков (коллагена и эластина) и легче поддается гидролизу при тепловой обработке. Низкое содержание жира в мясе индейки, локализуяющегося во внутренней полости тушки, кишечнике, в желудке и подкожном слое уменьшает вероятность отделения жира при производстве колбасных изделий. Жировая ткань птицы содержит большое количество полиненасыщенных жирных кислот [3, с. 245].

В мышечной ткани мяса содержатся экстрактивные вещества, особенно богаты ими грудные мышцы индеек, участвующие в образовании вкуса и относящиеся к энергичным возбудителям секреции желудочных желез. Мясо этой птицы содержит фосфор, который присутствует в столь же значительном количестве, как в рыбе. В мясе индейки содержатся витамины группы В и РР. Пищевая ценность и химический состав мяса индейки представлены на рисунке 1.




Рисунок 1 – Пищевая ценность и химический состав мяса индейки

Все эти факторы позволяют использовать мясо индейки для разработки продуктов функционального назначения.

Высокая биологическая ценность и диетические качества мясных продуктов, содержащих мясо индейки, позволяют им успешно конкурировать с аналогичными продуктами, содержащими свинину и говядину. Индейка обладает способностью принимать вкус любого другого мяса при совместном их использовании.

Кроме того, мышечная ткань мяса индейки имеет мелковолокнистую структуру с отсутствием «мраморности», что позволяет связывать до 40 % влаги, увеличивая тем самым выход готовой продукции. Мясо бедра индейки состоит из нескольких небольших темных мышц, которые определяют текстуру всего куска мяса и готовых продуктов. Вследствие этого мясо бедра индейки очень тщательно перемешивают при использовании с другими видами мяса.

Быстрый рост производства мяса птицы обусловлен постоянным спросом на него со стороны потребителей. Следствие этого – расширение ассортимента птицепродуктов, разработка новых рецептур, новых технологий, обеспечивающих безопасность продуктов и сохранение ими высокого качества. Широкие возможности в этом направлении открывает глубокая переработка мяса птицы [4, с. 160].

Одним из перспективных направлений глубокой переработки мяса птицы является производство полуфабрикатов. Полуфабрикаты являются одной из наиболее удобных и распространенных форм снабжения населения продуктами питания. Для производителя реализация мяса птицы в виде полуфабрикатов позволяет увеличить прибыль до 30 % по сравнению с реализацией этого же мяса в виде тушек.

Использование мяса индейки в качестве дополнительного сырья или самостоятельного ингредиента при производстве мясной продукции способно увеличить выход готовой продукции и, следовательно, повысить доходность мясоперерабатывающего предприятия [5, с. 24].

По результатам научных исследований были составлены варианты диетического продукта по химическому составу. На основании оптимизации химического состава диетического продукта был выбран вариант соотношением компонентов.

Проведен подтверждающий эксперимент, т.е. по оптимизированным рецептурам были изготовлены котлеты. Полученные образцы исследовались по тем же показателям, что и опытные образцы (выход, органолептическая оценка, содержание влаги готовых продуктов, функционально-технологические свойства фарша).

Практически обоснована целесообразность применения мяса индейки, фасоли красной, белково-жировой эмульсии в технологии мясных полуфабрикатов. Разработана технологическая и техническая документация на новый вид мясного рубленого полуфабриката.

Разработана научно-обоснованная рецептура и технология производства диетического мясного продукта с использованием животного и растительного сырья. Установлено, что готовый продукт имеет высокую пищевую и биологическую ценность (81 %). Минимальный скор составил 101 % по сумме метионина. Добавление белково-растительного компонента в производстве рубленых полуфабрикатов из мяса индейки улучшает аминокислотный баланс, витаминный и минеральный состав, а также функционально-технологические свойства диетического продукта.

ЛИТЕРАТУРА

1 Афонин В. И. «Наука и инновации». – 2014. – № 6. – С.76–79.

2 Официальный сайт Комитета по статистике МНЭ РК // <http://www.stat.gov.kz/>

3 Белова В. Ю. Специфика и перспективы использования функциональных животных белков. // Мясная индустрия. 2014. – № 5. – С. 243–246.

4 Вайтанис, М. А. Перспективы расширения ассортимента комбинированных мясных полуфабрикатов / М. А. Вайтанис // Ползуновский вестник. – 2011. – №3/2. – С. 159–162.

5 Использование мяса индейки в производстве мясных изделий // Мясная индустрия. – 2010. - №2. – С. 23–25.

ТАҒАМДЫҚ ӨНІМДЕРДЕ ТАҒАМДЫҚ ҚОСПАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ АДАМ АҒЗАСЫНА ӘСЕРІ

ЖАРЫЛҚАСЫНҚЫЗЫ Ұ.

студент, Павлодар мемлекеттік технологиялық колледжі,
Павлодар қ.

МАТАНОВА М. К.

арнайы пәндерінің оқытушысы,

Павлодар мемлекеттік технологиялық колледжі, Павлодар қ.

Заманауи өмірде тек табиғи өнімдерді қолданатын адамдар жоқ шығар.

Әр тұтынушы қазіргі Е-қоспалары турал білуі керек, олар кез келген өнімде кездесетін ескеруіміз керек. Осы ғылыми жобамыз өміріміздегі қолданатын тағамдардан Е-қоспаларын табу және оның құрамын зерттеу.

Осы сұраққа дұрыс жауап беру үшін алдымен өнімдерді тағамдық қоспалармен бірге пайдаланбау үшін, олардың артықшылығымен кемшіліктерін қарастыру керек.

Әр қоспаға өзінің тәуліктік дозасы бар, оны өнім дайындау кезінде ескеру керек. Бірақ, өндірушілер қоспалар массасын тауар қорабында көрсетпейді. Сондықтан да қарапайым тұтынушыға тәуліктік дозаны білу ешқандай пайда әкелмейді.

Егерде қоспаларды мөлшермен қолданса, адам ағзасына заттардың жағымсыз әсері аздау. Мүлдем қауіпсіз және аса қауіпсіз деген тағамдық қоспалар жоқ. Мысалға, тұз бен қантқа қауіпсіз қоспаларға жатады, бірақ оны мөлшерден тыс қолданса, олар адам ағзасына біршама зиян келтіруі мүмкін [2].

Жұмысымыздың мақсаты – студенттердің тағамдық өнімдеріндегі зиянды тағамдық қоспалардың бар жоғын зерттеу

Мақсатқа сәйкес біз келесі міндеттерді қойдық:

- 1) арнайы әдебиет талдауы негізінде қандай қоспалар зиянды екенін анықтау, оның ағзаға әсерін зерттеу;
- 2) Біздің студенттеріміздің тағамдық өнімдеріндегі тағамдық қоспалар туралы материал жинау;
- 3) тағамдық өнімдерді құрамындағы зиянды тағамдық қоспалардың бар жоғына байланысты жіктеу және зерттеу;
- 4) студенттер пайдаланатын тағамдық өнімдер туралы нәтиже жасау;
- 5) зиянды заттар туралы ақпарат бар «Зиянды тағамдық қоспалар» буклетін жасау;

Артықшылығы- өнім жақсы сақталады, қызығатын сыртқы түрі бар. Кемшіліктері – сіздің ағзаңыз әр түрлі химикаттарды пайдалана отырып, тозады, басқаша айтқанда бұл денсаулығыңызға зиян келтіреді. Ал белгілі бір мөлшерлерде – аса қауіпті бола бастады. Әркімнің өз денсаулығына деген өмірде өз көзқарастары бар. Көбі күнделікті тағамдарды қоспалармен тұтынуға көнген, ал көбі дүкеннен барлығынан бас тартуда. Бірақ әркімнің әр түрлі химикаттардан улану немесе аш қалғысы келмейтіні анық. Сондықтан да ең басты кеңес-тағамдық өнімдердің сыртқы қорабындағы құрамын мұқият зерттеп, оның тұтынуын білулерің керек. Сыртқы қорабында шындықты жазды деп сене беруге де болмайды. Өндірушілер қоспаларды «көз мөлшермен» жиі қосады, ол өнімнің жоғарғы концентрациясына әкелуі мүмкін. кейде өндіруші әдейі норманы, өнімнің кемшіліктерін жабу үшін қосады [1].

Өкінішке орай, нақты құрамын тек арнайы заманауи лабораторияда білуге болады. Тұтынушың міндеті- өнім туралы нақты мәлімет алу және дұрыс шешім қабылдау. Тәжірибе мен білім көп болса.

Тағамдық қоспалардың барлығы химикат деп те айтуға болмайды. Табиғида бар, бірақ, біршама аз мөлшерде. Сыртқы қорабында сіз «табиғиға ұқсас» дегенді көресіз. Бұл қоспалар табиғи емес, олар синтез жолымен дайындалады [3].

Бұл қауіпті Е әрпі нені білдіреді? Бұрын тағамдық қоспалар атауын өнім қорабында толығымен жазған, бірақта олар көп орынды алатын, сондықтан да 1953 жылы Еуропада химиялық тағамдық қоспаларды бір сандық кодпен атауын толық өзгерту туралы

шешім қабылданды. Е индексі (Europe) Еуропалық қауымдастық аясында классификацияның Халықаралық жүйесіне сәйкес (INS) идентифицирленген тағамдық өнімдердегі барлық қоспаларды белгілеуге болады. Аталған жүйе бойынша тағамдық қоспалар әрекет қағидасы бойынша топтарға бөлінеді. Е әрпі бойынша көрсетілген, бірінші сан бойынша анықталады.

- E100 – E182 – өнім түсін жақсартатын бояғыштар.
- E200 – E299 – консерванттар (өнімнің сақтау мерзімін ұзартады), химиялық стерилдеуші қоспалар, микроағзалардан, зен саңырауқұлақтардан, бактериофагтардан сақтайды.
- E300 – E399 – тотықсыздандырғыштар (қышқылданудан сақтайды, майдың көгеруі және түсінің өзгеруі, әсері егуі бойынша консерванттармен бірге)
- E400 – E499 – стабилизаторлар (өнімнің консистенциясын сақтап қалады), қоюландырғыш – тұтқырлығын арттырады.
- E500 – E599 – эмульгаторлар (араласпайтын өнімдердің біртекті қоспасын ұстап тұрады, мысалға су мен май) әсері бойынша стабилизаторға ұқсас.
- E600 – E699 – Дәм мен иісін күшейткіштер
- E700 – E899 – резервтегі номерлар
- E900 – E999 – көбікті басатындар
- E1000 және одан жоғары- газдандырушы агенттер, тәттілендіргіш, крахмал [1].

Әр елдің тағамдық өнімдердегі тағамдық қоспалардың болуы бойынша өзінің стандарттары бар, әсіресе адам ағзасына зиянды әсер ететіндер.

Дамыған елдерде тыйым салынған, бірақ біздің елде рұқсат етілген тағамдық қоспалар:

E102, E110, E120, E150, E130, E152, E104, E122, E141, E171, E477, E221, E222, E223, E224, E124, E131, E142, E210, E212, E250, E251, E330, E311, E312, E313, E320, E321, E322, E338, E339, E340, E341, E407, E450, E461, E466.

Қазақстанда қолдануға тыйым салынған тағамдық қоспалар:

E123; E-103; E105; E-111; E 125;
E 126; E130; E 152; E 211; E 952;

Теориялық көздердің талдауы бойынша, өндірушілер тағамдық қоспаларды сақтау мерзімін ұзарту және өнімнің сыртқы түрін жақсарту үшін қолданатынын көрсетеді. Тағамдық қоспалар тыйым салынған, зиян және қолдануға болатындар. Жалпы Е тағамдық қоспалары қаншалықты адам денсаулығына зиян екендігіне нақты

жауап жоқ бірақта өндірушілерге тосуға уақыт жоқ, сондықтанда біріншілер белсенді шығаруда, екіншілер белсенді пайдалануда. Сол арада дәрігерлермен диетологтар зиянсыз деген тағамдық қоспалар кездейсоқ жағдайда әсер етуі мүмкін дейді. Әр түрлі статистика көзіне сүйенсек, әр адам бір жылда орташа 2 ден 9 кг «Е» қоспасын жейді екен.

Студенттердің негізгі ас арасындағы жиі пайдаланатын тағамдарды анықтау мақсатында анкета жүргізу

Студенттердің тағамдық өнімдерін зерттеу үш блоктан тұрды:

Блок 1: студенттердің аса көп тұтынатын өнімдерді анықтау мақсатында анкета жүргізу.

Блок 2: тағамдық өнімдерде тағамдық қоспалар туралы материал жинау.

Блок 3: тағамдық өнімдердің жіктелуі

Колледжіміздің студенттері арасында негізгі тағамдарды пайдалану арасында жиі қолданатын тағамдық өнімдерді анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Зерттеуде 50 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, студенттер келесі өнімдерді пайдаланғанды жөн көреді екен:

1) 92 % студенттер сағызға және чипстарға көп көңіл береді.

2) 90 % студенттер шокаладты конфеттерге көңіл аударады

3) Газдалған сусынды, шырынды және печеньені 84 % оқушылар таңдапты

4) сухарикалар және кириешка 80 %

Біз болжағандай, студенттердің тағамдық өнімдерінде зиянды қоспалар бар. Осы біздің зерттеуіміздің гипотезасы болды.

Барлық өнімдерді зияндылығы бойынша топтарға бөлдік.

1) Бірінші топқа біз әр түрлі отандық және шетелдік газдалған сусындарды жатқыздық: «Pepsi», «Кока-кола», «Sprite».

Кока-кола ортофосфорлы қышқылды E338 тағамдық қоспасы бар, ол бірнеше сағатта шегенің тот басқандығын жоя алады.

Одан басқа Кока-кола 25 қасық қантты құрайды! Кока коланы жиі қолданған жағдайда қант диабеті және семіздік ауруларына шалдығу қауіп бар.

Тәтті газдалған сусындарда зиянды қоспалар бар. Ол (E211). Тағамдық өнеркәсіпте консервант ретінде пайдаланады. Ұлғайтылған мөлшерде канцерогенді болып табылады. Сондай ақ газдалған сусындарда жасанды тәттілендіргіш (E 951) аспартам бар. Осы қоспаның ағзада жиналауы ашушандық, кекшілдік, топаңаға

шалдығуы мүмкін. Сусындарда көп мөлшерде бояғыштар, олар қауіпті тағамдық қоспалар болып табылады.

2) Зияндылығы бойынша екінші топқа біз чипсы, кириешка, сухарикларды жатқыздық, олар аса үлкен сұранысқа ие..көп мөлшердегі майдың, дәмдеуіштердің және тағамдық қоспалардың әсерінен чипсылар асқазанға үлкен қауіп тудырады. Одан басқа олар пайдалы тағамның дәмін «өлтіреді»

3) Үшінші топқа біз сағыздарды жатқыздық. Аса танымал сағыздардың (Orbit, Dirol, Stimorol) құрамын тексеріп тек «Orbit» сағызында 16 тағамдық қоспаны таптық, оның 6 зиянды қоспаларға жатады, олар асқазан жұмысының бұзылуы, аллергия, құсу және бауыр ауруына әкелуіне себепші болады.

4) келесі топқа біз қораптағы печеньені жатқыздық. Зиянды тағамдық қоспалар E503,341 «Чокопай» печеньесінде табылды-асқазан жұмысының бұзылуына әкеледі.

4) Келесі топқа біз шоколад өнімдерін жатқыздық. Мұнда «Nuts», «KitKat» батондары ең қауіпсіз болды, оның құрамында E476 – жануар тектес лецитин қоспасы бар.

Біздің зерттеуіміздің нәтижесін талдай отырып, келесі қорытындыларды шығаруға болады:

➤ Тағамдық қоспалар біздің студенттер қолданатын барлық тағамдық қоспаларда кездеседі;

➤ Барлық өндірушілер өнім құрамындағы қоспалардың маркировкасын және болуын көрсетпейді;

➤ 73 % студенттер тез дайындалатын тағамдарды пайдаланады;

➤ 75 % сұралғандардан, өнімді сатып ала отырып, құрамына назар аудармайды;

➤ 88 % сұралғандар, тағамдық қоспалар не екенін және не үшін қажет екенін де білмейді;

Теріге зиян қосылыстар: E151 E160 E231 E232 E239 E951 E1105

Қатерлі ісік (рак) тудыратын қосылыстар:

E131 E 142 E153 E210 E211 E212 E213 E214 E215 E216 E219 E230 E240 E249 E252 E280 E281 E282 E283 E954

Өте қауіпті қоспалар E123 E510 E513 E527

Асқазан жұмысына кері әсер ететін E338 E339 E340 E341 E450 E451 E452 E454 E461 E462 E463 E465 E466

Қан қысымына әсер ететін қосылыстар E154 E250 E251

Бөртпе тудырушы қосылыстар E310 E311 E312 E907

Ішек қызметінің бұзылуын тудыратын қосылыстар E154 E343 E626 E627 E628 E629 E630 E631 E632 E633 E634 E635

Қауіпті ісікті тудыратын қосылыстар
E103 E105 E121 E123 E125 E126 E130 E131 E142 E152 E210
eE211 E213-217 E240 E330 E447

Асқазан ішек тракті ауруларын тудыратын қоспалар
E221 -216 E320 -322 E338-341 E407 E450 E461- 466

Қауіпті аллергиялар E230 E232 E239 E311-331

Бауыр мен бүйрек ауруларын тудыратындар
E171-173 E320-323

Нұсқаулар

Барлық қоспалары бар өнімдерді қолданбаудан қашпаңыз және де чипсы мен кока-колаға аса құмар болмаңыз. Сіздің ағзаңызға химикаттардың зиянды әсерін азайту үшін келесі кеңестерді ескеріңіздер:

– күнде көкөністер мен жемістер қолданыңыз. Табиғи талшықтар ағзаға токсинді заттардан тазаруға көмектеседі.

– ағза әлсірегенде (ауру, әлсіз иммунитет) химияны қолданбаңыз.

– және де тағамдық қоспалары бар өнімдерді көп мөлшерде қолданбаңыз. Ағза химияны белгілі бір мөлшерде ғана қорыта алады.

– ерекше жылтыр түсі бар тағамдық өнімдерді пайдаланбаңыз – ол жасанды бояғыштардың айқын бір белгісі. Бояғыштар табиғи да болуы мүмкін. Маусымға ерекше шет елдік көкөніспен жемістер де – ойланатын жағдай.

– химикаттармен толықтырылған өнімдерді қыздырып немесе басқа да өңдеулерден өткізбеңіз, оның нәтижесінде қауіпті заттар пайда болуы мүмкін. Егерде қыздыруға тура келсе, (мысалға, қуыру) алдымен өнім құрамын, ішіндегі заттардың реакциясын зерттеу керек. Қант алмастырғыш аспартам (E-951), нитрит натрия (E-250) қыздыру кезінде қоспалардан да қауіпті заттарды түзетіні бірден біл дәлел.

ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

1 Оценка некоторых пищевых добавок и контаминантов. 41 доклад объединенных экспертов ФАО/ВОЗ по пищевым добавкам, Женева, - М: «Медицина», 1994 - 72 с.

2 Алексеев С.В., Груздева Н.В., Гущина Э.В. Экологический практикум школьника: Учебное пособие для учащихся.- Самара, «Учебная литература», 2006.-304с.

3 Михеев А.В., Пашканг К.В., Родзевич Н.Н., Соловьева М.П. Охрана природы.-М.,1990.-127с.

4 Небел Б. Наука об окружающей среде: В2т. Т.1Как устроен мир.- М.,1993.-420с.

ТАМАРИЛЛА ҚОСЫЛҒАН ЙОГУРТТЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ӘЗІРЛЕУ

МАТЫМБАЕВА А. Ж.

арнайы пәндерінің оқытушы,

Павлодар технологиялық колледжі, Павлодар қ.

ӘЛИХАН Р. Т.

студент, Павлодар технологиялық колледжі, Павлодар қ.

Мәселені құру.

Аштықтың ерекше түрі бар – йод жетіспеушілігі, адам оның жетіспеушілігін байқамайды да сезбейді, бірақта йодтың жетіспеушілігі өте күрделі жағдайларды туғызады. Толық қанды тамақтану дегеніміз рационда ақуыздардың, майлар мен көмірсулардың болуларымен бірге өте аз мөлшердегі граммды компоненттердің болуын айтады. Осы заттардың санына микроэлементтер жатады. Микроэлементке жататын йод туралы айтсақ ағзаның тәуліктегі қажеттілігі микрограммды құрайды. Адам өзінің өмір бойы сумен және тағаммен осы микроэлементті шай қасықтан сәл асатындай мөлшерде алады. Йод не үшін қажет? Йод қалқанша бездің тироксин және трийодтиронин гормондарының құрамына кіреді. Гормондар ағзадағы зат алмасуына бір қалыпты ұстауға қажетті. Олар құрсақтың ішінде және баланың алғашқы өмірінде мидың дамуы мен қызметі үшін басты рөл атқарады. Осы кезеңде қалқанша бездің гормондарының жетіспеушілігі кретинизм ауруын тудырады. Бұл дегеніміз бойдың өсуінің және физикалық дамуының тежелуі, сонымен қатар терең ой жетіспеушілігі. Йодтың жетіспеушілігінің нәтижесінде қалқанша бездің қызметінің жетіспеушілігінің салдарынан ересектерде парасаттылықтың, өмірлік тонустың, қызметке жарамдылығы төмендейді. Йод жетіспеушілігінің айқын және жиі байқалатыны ол алқым ісуімі (зоб) болып табылады. Сондықтан осындай аурулардың мәселесін шешу үшін йогурттың ассортименттің құрамында йоды бар томарилло қосып кеңейтуге болады.

Жобаның мақсаты мен міндетін анықтау

Қазіргі таңда көптеген ірі фабрикалық қандай өнімге болмасын, тағам, сүт жағынан да әртүрлі қосылғыштар қосып, шығарылатын өнімнің пайдасын екі есе арттыруда. Сонымен қатар бұл өнімдерді адамдар алып, оларды мақтап жатады. Менің де мақсатым сүтқышқылды өнімдерге қосымша қосылғыштар қосып, пайдалы өнім шығару. Өнімім тек қана ересек адамдарға емес, сонымен қатар балалардың және тағамды тандап жейтін адамдарға ұнайды. Дәмі тәтті, иісі хош, консистенциясы біркелкі өнім. Бұл ғылыми жобанда Тамарилло жемісін, сүтқышқылды өнім йогуртты алдым, өйткені өнімнің емдік қасиетін жоғарлатқым келді. Бұл ойым жүзеге асты. Өйткені тамарилло жемісі адам ағзасына өте пайдалы. Оның құрамындағы макроэлементтер және микроэлементтер адам ағзасын жақсартып, әлсіреп жатқан клеткаларды қалпына келтіреді. Йогурт пен Тамарилло қосқан кездегі органолептикалық және физика химиялық көрсеткіштерін бақылағым келді. Сонымен қатар барлық осы операция, яғни термоизоляцияланған йогуртты өндіру кезінде қандай құрал жабдық қолдану керектігін білу. Дайын өнімге рецептура жасап, оны есептеп, пайдасын қарау. Менің осы ғылыми жобамның мақсаты йогуртқа жаңа бір жеміс қосып, пайдалы, әрі адам ағзасын қорғайтын өнім шығару.

Қойылған мақсатқа жету жоспары

- Йогурт технологиясын игеру
- Жаңа өнімді өндіру технологиясын құрастыру
- Жаңа өнімнің рецептурасын есептеу
- Дайын өнімнің сапасын бағалау
- Йогурт технологиясын игеру

Йогурттың құрамына болгар таяқшасы кіреді. Ол таза культуралы, ағзада пайдалы микрофлораларды сақтап, ауру тудыратын микробтармен күреседі. Йогурттың құрамындағы сүтқышқылды культуралы бактериялар біздің елде МЕСТ 51331-99 сәйкес болып келеді. Табиғи «Йогурт» бұл жоғары эффектілі ішек микрофлораларын қалыптастырады. Тіпті дәрігерлер антибиотиктерді йогуртпен ішуге ақыл айтады. Өйткені антибиотиктер пайдалы және зиян бактерияларды жояды. Ал йогурт болса ішекке, адам ағзасына пайдалы микрофлораны сақтап қалады. Сонымен қатар дисбактериоз деген ауруға қарсы тұрады. Бұл жерде ішекте шіріген флора мен саңырауқұлақтар, ішек таяқшаларының патогенді штамм пайда болады. Асқазан күнделікті тағамдарды қорытпайды. Бұл аутоинтоксинді ауруға шалдықтырады. Балалардың

иммунитетіне бұл өте жаман әсерін тиізеді. Сондықтан дисбактериоз кезінде дәрігерлер йогуртты ішуге кеңес береді. Тағы бір аурудан йогурт көмектесе алады. Бұл лактозаның аз болуы. Қазақстанда 10–12% адамдар сүтті іше алмайды. Егер ішсе олардың асқазандары ауырып, диарея болады. Сонымен қатар африкалықтар және солтүстік адамдарының 70–90% лактоза жетіспеушілігінен ауруға шалдыққан. Соның нәтижесінде сүттің құрамындағы пайдалы микрофлоралар және микроэлементтер адам ағзасына бармайды. Ал йогурт болса бұл жерде өте жақсы рөл атқарады. Бұл сүт өнімдерінің жалғыз өнімі. Сонымен қатар пастерленген йогурт пен тірі йогурттың айырмашылығы бар. Егер өнім пастерленген болса, онда культурасы өлі деп есептеуге болады. Бұл жерде йогурттың пайдасы жоқ, әрі дәрі-дәрмек ретінде қолданып жүрген адамдарға ішуге болмайды.

Ал тірі йогурттың құрамында болгар таяқшасы бар және де оны тоңазытқышта бірнеше күн сақтауға болады. Ал пастерленген йогуртты бөлме температурасында бір ай сақтауға болды. Бұл әсіресе сатуға өте ыңғайлы жағдай туғызады.

Егер стандартты ашытқыдан йогуртқа басқа да культуралы бифидобактериялар қосылатын жағдайда, пробиотиктер жоғарғы жоятын белсенділік асқазан-ішек ауруларына қарсы тұрып, өнімдегі биологиялық белсенділікті жоғарлатады.

Йогурттың әртүрлі түрлері бар: сүтті, кілегейлі, жеміс-жидекті, диеталық және диабетиктерге арналған. Стандарт бойынша ферментативті сүтке жеміс-жидек, бал және әртүрлі ашытқылар қосып қосылады. Сонымен қатар ескеру қажет: жаңа жемістер йогуртқа қосылмайды, өйткені сүтқышқылды ортада бұны шыдамайды. Бұл жерде тек консервіленген ұрықтар, сироп, тіпті болмағанда тағамдық ароматизаторлар қосылады.

Кесте 1 – Йогурт технологиясында қосылатын қосылғыштар

Қосылғыштар атауы	Емдік қасиеті	Химиялық құрамы
Жеміс-жидекті қосылғыштар	Олар адам ағзасына өте пайдалы. Адам миын жақсартып, өкпе, бауыр ауруларына көмектеседі. Құрамында калий, магний, темір, фосфор және т.б пайдалы макро және микроэлементтер бар.	Тұтқырлығы–70–20 мм/30 сек. Қышқылдылығы–3,45–3,55.

Грецкий жаңғағы	Ол биологиялық активті құрамдарға бай. Адам ағзасын емдеуде өте үлкен рөл атқарады. Туберкулезбен ауыратын адамдарға көмектеседі. Сонымен қатар аминқышқылдар бар: глютоминді, глютацион, цистин, лизин, Гистадин, аргинин, аспараген.	Тағамды талшықтар –20,3%, В1 дәрумен–26%, В3 дәрумен–16%, В6 дәрумен–40%, В9 дәрумен–19,3%, Е дәрумен–17,3%, РР дәрумен–24%, магний–30%, калий–19%, фосфор–41,5%, цинк–21,4%, медь–52,7%, марганец–95%, фтор–17,1%, кобальт–73%
Шабдалы	Шабдалының құрамында органикалық қышқылдар, минералды тұздар(калий, темір, фосфор, марганец, мырыш, цинк, селен мен магний) пайдалы заттар бар. Қыжылдау(изжога) және ілек (запор), бүйрек, жүрек, асқазан ауруларына көмектеседі.	Шабдалы ұрығының құрамында су–80–90%, қант–6–14%, соның ішінде сахароза–5–10%, лектинді заттар–0,5–1,2%, С дәрумен–9,4–20мг%, каротин–0,6–1,0мг%, ал персиктің тұқымында эфир майы мен қышқыл коиндальді майы –0,4–0,7% болады.
Ананас	Адам қанын жақсартып, жүрек ауруларын кемітіп, бүйрек ауруларын алдын алып, гипертония ауруынан көмектеседі.	Құрамында су–86%, сахароза, аскорбин және лимон қышқылы, В тобындағы дәрумен, минералды заттар(темір, мырыш, магний, кальций, йод, калий цинк) бар.
Бүлдірген	Бүлдірген ас қорытуға, несеп айдағыш және патогенді белсенділікті жақсартады. Сонымен қатар арықтауға, обыр нейтралдары ауруларын алдын алады.	Құрамында С және В5 дәрумені, темір, магний, кремний, мырыш, фосфор, кальций, фолиев қышқылы, антиоксиданттар бар.
Мүк жидегі	Бұл жеміс обыр ауруларынан, тымау, асқазан және ішек ауруларынан, жүкті әйелдерге, тіс ауруларынан қорғайды. Сонымен қатар антибиотиктер ретінде қолданады.	Құрамында С және Е дәрумені, каротин, полифенол, эфир майы, хром, кобальт, темір, тұз, мырыш, көміртек, йод, марганец, кальций, калий бар.
Шие	Буындар, тыныс алу кезіндегі қолайсыз жағдайлардан, ішек, анемия ауруларынан көмектеседі.	Құрамында қант, дубильді, лектинді және бояғыш заттар, С, В және РР, фолидді қышқыл бар.
Өрік	Ішек ауруларына, асқазан, қан қысым төмендетеді, құрттарды шығарады.	Қант 28%, инулин, крахмал, дәрумендер: В, К, продәрумен А, никотин қышқылы, көп мөлшерде К және Fe. Сонымен қатар фенолді заттар, процианид, гидроцинамид қышқылы, флавоноидты, антоциан, хлорогенді қышқыл, кверцетин, рутинозид, кемпферол – Ruiz D., Egea J., флавоноидті гликоз – Rashid F., Ahmed R.
Банан	Жүйкеге, көңіл күй көтеріп, диарея ауруларына, ішек ауруларына қарсы тұрады.	Құрамына темір, калий, магний, фосфор, кальций, натрий, су–80%, крахмал–7–20%, көміртегі–25%, ақуыз–1,3%, С, В1, В2, В6, РР дәрумені.

Тамарилло	Тамариллоның пайдасы. Көп жылдар бойы бұл жемістің қасиетін ешкім білмеген. Бірақ екінші дүниежүзілік соғыс біткен кезде бәрі өзгерді. Өйткені бұл кезде жемістер мен көкөністер өте аз болған. Адамдар әлсізденіп, әртүрлі ауруларға шалдыққан. Жаңа Зеландияда бұл қолайсыздықты аз мерзімде ретке келтірген. Олар томатты ағашты өсірген. Осыған орай Жаңа Зеландия тұрғындары бұл дағдарысты өте жақсы өткен. Көбіне белгілі Тамарилло басқа ауруларына, неврологиялық генезде және ауырып болған адамның ағзасын жақсартады.	Тамариллоның құрамы және каллориясы. Құрамында дәрумендер өте көп: А, В1, В2, В6, В9, С, Е және РР, сонымен қатар микроэлементтер: темір, калий, магний, фосфор және кальций. Бұл жемісте холестерин және натрий жоқ. Сонымен қатар бұл аз каллориялы жеміс. Жүз грамм тамариллода елу ккал бар.
-----------	---	--

Бұл жеміске Тамарилло деген атты бергеніне көп уақыт болған жоқ. 1967 жылға дейін бұл жемісті томатты ағаш деп атаған. Бұл атты жеміске томатқа ұқсаған соң В. Томпсон берген болатын. «Тамарилло» деген сөз екі түбірден тұрады: «тама» маори тайпасының тілімен аударғанда «азаттық», ал «рилло» деген жеміске испандық колоритті беру үшін ойлап тапқан. Сонымен қатар «амарилло» деген испан тілінен аударғанда «сары» деген ой толғау бар. Томатты ағаштың бірінші ұрпағын европалықтар тауып алды. Ол сары түсті болған болатын. Бұл жеміс бүкіл әлемге өте жақсы дамыған. Тамариллоның құрамы және каллориясы: құрамында дәрумендер өте көп: А, В1, В2, В6, В9, С, Е және РР, сонымен қатар микроэлементтер: темір, калий, магний, фосфор және кальций. Бұл жемісте холестерин және натрий жоқ. Сонымен қатар бұл аз каллориялы жеміс. Жүз грамм тамариллода елу ккал бар.

Тамариллоның пайдасы. Көп жылдар бойы бұл жемістің қасиетін ешкім білмеген. Бірақ екінші дүниежүзілік соғыс біткен кезде бәрі өзгерді. Өйткені бұл кезде жемістер мен көкөністер өте аз болған. Адамдар әлсізденіп, әртүрлі ауруларға шалдыққан. Жаңа Зеландияда бұл қолайсыздықты аз мерзімде ретке келтірген. Олар томатты ағашты өсірген, осыған орай Жаңа Зеландия тұрғындары бұл дағдарыстан өте жақсы өткен. Көбіне белгілі Тамарилло неврологиялық генезде және ауырып болған адамның ағзасын жақсартады.

Тамариллоның шыққан жері: Малайзия, Оңтүстік және Отралық Америка. Тамариллоны жабдықтаушы Жаңа Зеландия, кейін Колумбия, Эквадор болып саналады.

Сипаттамасы. Сыртқы түрімен Тамарилло қызанаққа ұқсайды. Сол себепті де бұл жеміске португалиялықтар, европалықтар, испандықтар томатты ағаш деген ат берген. Бұл жемістің сыртқы формасы тауықтың жұмыртқасына ұқсайды. Ұзындығы 5-тен 10 см дейін, диметірі 5 см болады. Олар бұталы ағаштарда биіктігі 3-тен 3,5 метрге дейін 3–12 дана болып өседі. Пісіп жетілген жеміс қызыл,сары және қызғылт сары түсті болады.

Жаңа өнімді өндіру технологиясын құрастыру

Йогурт – сүтқышқылды өнім. Йогурттың пайдалылығы бұрыннан бері белгілі. 1910 жылы И. И. Мечников адам өмірін жақсартып, әрі көп жасағысы келсе онда сүтқышқылды өнімді қолдану керек деп айтқан. Өйткені олар ішектің шіруін алдын алады. Сүтқышқылды өнімнің басты өнімі сүт болып саналады. Сүтті айран, қатық және простокваша етіп өндіруге болады. Йогуртты қазіргі кезде өндіру формуласы.

Сүт + қоютылғыш + тамарилло + термоөңдеу = пайдалы өнім А,В1,В2,РР,с дәруменімен.

Технологиялық өндіру арқылы йогуртты екіге бөледі.

«Тірі йогурт» оның құрамында болгар таяқшасы мен термофильді стрептококк болады. Тек тоназытқышта ғана сақтайды, көп дегенде бір ай.

Термоизоляцияланған йогурт–бір жылдан астам, бөлме температурасында сақтауға болады. Оның емдік қасиеті жоқ болса да, ол жоғары сапалы өнім ретінде саналып, құрамында микроэлементтер мен дәрумендер болады.

Тамарилло қосылған термоизоляцияланған йогуртты өндіру схемасы.

1 Майлығы арқылы нормалау (1,5–8 %)

2 Қыздыру (35–60 °С)

3 Құрғақ заттарды массалық үлесі арқылы нормалау.

Оған стабилизатор және қант қосады

4 Қоспаны филтрлеу

5 Гомогендеу

Роторлы-пульсационды немесе плунжерлі гомогенизаторда өндіреді

6 Пастеризация (85–87 °С)

7 Салқындату (38–42 °С)

8 Ашытқыны қосу

9 Ферментация (Ұйыту)

ОЗУ ашытқыға арналған аппаратта өндіреді

10 Тамариллоны қосу (10–12 %)

11 Салқындату

12 ОЗУ ашытқыға арналған аппаратта өндіреді

13 Термизация (65–80 °С)

14 ОЗУ ашытқыға арналған аппаратта өндіреді

15 Ыстық күйінде өнімді қаптау

16 Салқындату

17 5 °С градус температурада сақтау

Майлығы стандартқа сай 10 тонна сүт танктарға келіп түседі. Зертханада сүттің химиялық және микробиологиялық көрсеткіштерін анықтайды. Талдауды алғаннан кейін сүт бункерге жіберіледі. Онда ол рецептураға сай қантпен, тұрақтандырғыштармен және басқа да компоненттермен қосылып араластырылады. Дайын болған қоспаны физика-химиялық және микробиологиялық көрсеткішін анықтауға жібереді. Кейін ол құбырлы пастеризаторға жіберіледі де 85–87 °С температурада 15 мин пастерленіп, май түйіршіктерін майдалау үшін гомогенизаторға жібереді. Әрі қарай ферментацияға жіберіледі де, ашытқы қосылады. Кейін оның қышқылдылығы (рН 4,5–4,6) болғанша ұстайды. Ферментация 4–6 сағат жүреді. Қалыпты қышқылдылығы пайда болған кезде, қоспа салқындатқышта салқындатылады да, термоблокқа түседі. Ол жерде тамарилломен араластырылып, термизацияда 85 °С қыздырылады да, кейін йогурт Хассия қаптаушы аппаратына барып түседі. Онда йогурт полистиролды стакандарға қапталады (салмағы 0,125 грамм). Йогурттың сақтау мерзімі 1 ай.

ӘДЕБИЕТТЕР

КІТАПТАР, ОҚУЛЫҚТАР:

1 Брусенцев А. А. Общая технология отрасли: Учеб. -метод. пособие. – СПб. : НИУ ИТМО; ИХиБТ, 2013. - 95 с.

2 Твердохлеб Г. В. , Сажин Г. Ю. , Раманаускас Р. И. Технология молока и молочных продуктов: Учеб. - СПб. : СПбГУНиПТ, 2003 - 622 с.

3 Технология молока и молочных продуктов/ Г. В. Твердохлеб, З. Х. Диоланян, Л. В. Чекулаева, Г. Г. Шиллер. - М. : Агропроиздат, 1991 - 463 с.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРС:

4 <http://beautyhill.ru/>

5 <https://www.botanichka.ru/article/tamarillo/>

8.2 Өсімдік шаруашылығының дамуы 8.2 Развитие растениеводства

ТАҢҚУРАЙДЫҢ РЕМОНТАНТТЫ СОРТТАРЫН ЕЛІМІЗДІҢ СОЛТҮСТІК АЙМАҚТАРЫНДА ӨСІРУ

АЛЬМИШЕВ Ұ. Х.

а./ш.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

АБЫЛГАЗИНОВА А. К.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Соңғы жылдары әсіресе саябақ және үй айналасында жылына бірнеше өнім бере алатын таңқурайдың ремонтантты сорттарын отырғызу ауқымы артуда. Жалпы айтқанда ремонтантты таңқурайды пайдалану осыдан 200 жылдан бұрын басталған.

Шет елде таңқурайдың өте өнімді ремонтантты сорттары шығарылған, олардың қатарына Сентябрьская, Херитейдж, Люлин, Редвинг, Зева, Оттом Близ сорттарын жатқызуға болады. Аталған сорттар бір жылдық өркендерінен-ақ мол өнім бере алады. Бірақ екіншіке орай, Қазақстанның солтүстік аймақтарында бұл сорттардың күзгі үсіктерге ұрынуына байланысты тек 15-30 % ғана пісіп – жетілуге мұршасы жетеді.

Таңқурайдың кейбір сорттарының (Сентябрьская, Прогресс, Жар – птица, Журавлик) өнімі жазғы екі жылдық өркендер өнімімен әлдеқайда төмен. Аталған сорттарды отырғызу арқылы еліміздің солтүстігінде жылына екі өнім алуға болады: негізгі өнімді жазда екіжылдық өскіндерден және қосымша – күз кезінде біржылдық өркендердің ұшқы бетіндегі жидектерден алады. Осы себепті таңқурай сабақтарын қысқа қарай қысқартпайды, ерте кктемде өткен жылғы өнім берген сабақтарды алып тастайды, одан әрі баптау жұмыстары қалыпты ретте жүргізіледі.

Дәл осындай әдіспен басқа да өте биік өсетін таңқурайдың ремонтантты сорттарын (ұқсас пішінділерін), күзгі және жазғы жеміс беретін сабақтарының бір деңгейде дамитындарын өсіруге толығымен болады.

Қазіргі кезде таңқурайдың селекциялық жұмысымен әсіресе Ресейдің ғалымдары жақсы айналысуда (Брянск облысы). Ғалымдардың ұзақ мерзімді зерттеу нәтижесінде жаңадан Бабье лето ремонтантты сорты шығарылды, олар негізінен бір жылдық сабақтарында жидек қалыптастырады. Аталған сорт Ресейдің

көптеген аймақтарында, оның ішінде Қазақстанмен көршілес облыстарда, Украинада таралған. Бабье лето сорты жақсы дамиды, біржылдық өркендерді жақсы қалыптастырады, олардың жеміс салу аумағы 70 см дейінгі биіктікте қалыптасады. Әрбір жидек салатын гүл шоғырында (сабағында) 150–300 жидек қалыптасады. Жидегінің ірілігі орташа көлемді (3,5 г дейін), ашық қызыл түсті, өте дәмді, кең ауқымды пайдалануға жарамды. Өнімділік мүмкіндігі өте жоғары, бірақ еліміздің солтүстік аймағы жағдайында күзгі алғашқы үсіктерге дейінгі жидектерінің пісуі 50–60 % құрайды (бір түптен 1–1,5 кг).

Бұл сорттың алғашқы өнімі вегетациялық кезең бойынша – таңқурайдың кәдімгі кезеңінде пісіп – жетіледі (шілде), өткен жылғы сабақтарда. Екінші өнім жаздың соңына қарай – немесе күздің басында бір жылдық өркендерде қалыптасады.

Бұл жерде бағбаншыларға үлкен көңілді сондай сорттарға аудару керек, әсіресе олардың өткен жылғы жақсы қалыптасқан сорттарға. Олар бір жылдық таңқурай сабақтарын құруға мүмкіндік береді. Күзде, өнімді жинап болған соң, тұрақты үсіктер кезені келуіне қарай, таңқурайдың беткі қабатын (түбірін қалдырмай) толығымен қырқып тастайды. Келесі жылы көктемде қалыптасқан жана өркендер жаздың орта кезінде гүл сала бастайды, ал тамыздың екінші жартысынан бастап және күзгі үсіктер қалыптасқанға дейін гүл шашақтарын қалыптастырады. Топырақ беті қатысымен өсімдіктерді тағы қырқады, осы әдіс арқылы бір жылдық сабақтардың қалыптасуына (жылма жыл) мүмкіндік жасайды және өнім жинауға мүмкіндік береді. Сараптап қарасақ, таңқурайдың ремонтантты сорттарының кәдімгі сорттардан артықшылығы анық байқалады. Жидек салмағының ауырлығына қарамай сабақтары иілмейді, сол себепті оларды таяқшаға байлаудың қажеті жоқ. Жылда сабақтарды кесіп тастауына байланысты олардың қысқа төзімділігіне көңіл аудармауға болады, ол кесілген сабақтарды жинап алудың арқасында – ауру мен зиянкестердің таралуына еш алаңдамауға болады.

Еліміздің солтүстік аймақтарында таңқурайдың ремонтантты сорттарын өсіру арқылы маусымның соңынан күзге дейін дәмді жидектерді тағамға пайдалануға толығымен болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Качалкина М. В. Секреты второго урожая. Приусадебная хозяйство. №7, 2004, 22-23 б.

2 И. Цухляев Малина на любой манер. Сад и огород. № 8, 2005, 26-27 б.

ТАҢҚУРАЙ ЕГІСІН БАПТАУДЫҢ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АЛЬМИШЕВ Ұ. Х.

а.ш.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

АБЫЛҒАЗИНОВА А. К.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Таңқурайды отырғызбас бұрын егілетін учаскені белгілеп және оны әзірлеп алу керек. Таңқурай егілетін жерді белгілеген уақытта оның өсуіне қажетті жағдайларды еске алу қажет. Таңқурай егу үшін ең жақсы учаске желден, аңызактан таса, ылғалмен қамтамасыз етілген, құнарлы топырақты жер алынады. Таңқурайға егілген жас бауға жақсы жағдай жасалады. Мұнда учаскенің айналасына міндетті түрде қорған ағаштары отырғызылуы тиіс. Оңтүстік жақтағы құрғақ беткейлер, ашық учаске таңқурай егісі үшін жарамсыз болады, өйткені, мұндай учаскенің қарын қыста жел ұшырып кетеді, сондай-ақ ойпаң жерлерге де таңқурай егуге болмайды. Оның себебі мұндай жерде су іркіліп қалуы мүмкін.

Таңқурай егілетін учаскенің жер асты суы бір метрден жақын болмағаны дұрыс. Суарылмайтын учаскілерге сай сағалары, беткейлердің төменгі бөлігі таңқурай егу үшін қолайлы келеді. Таңқурай егу үшін топырақта көптеген органикалық заттар болуы қажет. Сондықтан таңқурайды еккенен кейін, одан мол өнім алу үшін учаскені жасау алдындағы жерді негізінен өңдеу жұмысы кезінде, әр гектарға 5–10 тонна көң енгізіледі. Бұған басқа да органикалық тыңайтқыштарды пайдалануға болады.

Таңқурай егілетін жер күзде аударылады (жыртылады). Таңқурайдың ең жақсы алғы дақыл отамалы көпжылдық шөп болып есептеледі.

Ерте көктем – таңқурай отырғызу үшін ең қолайлы мерзім болады. Мұндай жағдайда таңқурай отырғызуды кешіктіруге болмайды, өйткені таңқурай бүршігі өте ерте шығады, сол себепті таңқурайды кеш отырғызу көптеген жағдайда нәтиже бермейді. Таңқурайды ерте күзде отырғызуға да болады. Мұндай жағдайда өсімдіктің өсуі аяқталған кезде, жапырақтар түсе бастаған уақытында, қысқы суықтың түсуінен 10–15 күн бұрын отырғызу қажет.

Таңқурайды отырғызу алдында учаске кварталдарға бөлінеді, әрбір кварталдың көлемі екі қатардан болады. Таңқурайды отырғызғанда оның аралықтары мынадай болады: бұталары тік өсетін сорт үшін (Усанка және басқалар) – 2 метр, өсімдіктің бір-біріне арасы 0,75 метр.

Екпе шыбықтар 40Х40 сантиметр шұңқырға отырғызылады. Жеміс ағаштарын отырғызу үшін белгіленген ережелер мұқият орындалуға тиіс, мұндағы бір айырмашылығы таңқурай питомник өсіретін учаскідегіден 1-2сантиметірге терең отырғызылады. Мұның себебі таңқурай өскенде тамыр жүйелерін жақсы жетілдіру үшін қажет болады. Отырғызылған таңқурай шыбықтары өсе бастағаннан кейін топырақ бетінен 15–20 сантиметр биіктікте кесіледі.

Таңқурайды отырғызғаннан кейін іле-шала суарылады, мұнан кейін өсімдіктің төңірегіндегі топыраққа көң үгіндісі себіледі (қалыңдығы 5–8 сантиметр). Отырғызылған таңқурайды онан әрі күту жұмысы әрбір 15–20 кін сайын суару, топырақты қопсыту және арамшөптерді отау болып табылады. Күзде жас бұтақтарды қысқы суықтан сақтау үшін жерге қарай қисайтады.

Екінші жылы ерте көктем шығысымен иілген бұтақтар қайтадан бұрынғы қалпына келтіріліп, жазылады. Мұнан соң құлаған бұтақтар (шыбықтар) қайта отырғызылады, қатараралықтары қопсытылып қатараралықтарына көптеген өңдеу жүргізіледі. Мұндай жағдайда өткен жылғы төгілген көң үгіндісі топыраққа араластырылып сіңіріледі. Таңқурай шыбығы түбінің айналасындағы топырақ жанадан өсіп келе жатқан шыбықтарға зиян келтіріп алмау үшін 4–5 сантиметр тереңдікке дейін етіліп өңделінеді. Бұдан былайғы топырақты және өсімдікті күтіп- баптау жұмысы алғашқы жылғы тәртіппен жүргізіле береді. Күту жұмысындағы ең басты міндет – топырақты қажетті мөлшерде ылғал сақтау, арамшөпті ору.

Таңқурайды отырғызған алғашқы екі жылда мүмкіндігіне қарай қатараралықтарын картоп басқа көкөністерді өсіруге пайдаланған жөн. Мұндай жағдайда отамалы дақыл егілетін қатараралықтарына органикалық тыңайтқыштар немесе минералды тыңайтқыштар енгізу қажет. Қатараралықтарына отырғызылған отамалы дақылдар таңқурай жеміс бермей тұрған кезде жеке шаруашылыққа табыс кіргізеді, сонымен қатар жас таңқурайдың өсуіне қолайлы жағдай жасайды. Таңқурай өсірудің екінші жылында да бұта түбінің төңірегінде топыраққа көң, үгінді шашу аса қолайлы шара болып табылады. Өндірістік маңызы бар таңқурай отырғызғаннан кейін үш жылдан соң барып жеміс бере бастайды.

Осы аталған агротехникалық әдістерді пайдалана отырып Керекү өңірінде де таңқурайдан мол өнім жинауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 А. А. Павильонов, М. И. Рожков. «Новые плодовые и ягодные культуры» Россельхозиздат, 1986 ж.

2 В. П. Шашилова, В. Н. Федина. "Хранение и переработки плодов и ягод" Круглякова, 1990 ж.

ВЛИЯНИЕ РЕГУЛЯТОРОВ РОСТА НА ВЕГЕТАТИВНУЮ МАССУ КАРТОФЕЛЯ

АЙНАЗАРОВА А. А.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г.Павлодар

ЕРМАКОВА О. А.

ст. преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Картофелеводство, как в Казахстане, так и за рубежом является одной из традиционно важных отраслей сельского хозяйства. Общая площадь картофеля в мировом земледелии достигает 18 млн га, а валовой сбор – более 300 млн т. В настоящее время в Казахстане картофель возделывается на площади 180–190 тыс. га и валовые сборы клубней составляют около 3400–3500 тыс. тонн.

В составе продукции земледелия картофель занимает второе место после зерна. Картофель дает в 1,5–2 раза больше углеводов с единицы площади, чем зерновые. Картофель в Казахстане является одним из самых потребляемых продуктов растениеводства. Среднее потребление картофеля на душу населения в Казахстане составляет 120–130 кг в год на человека, т.е. картофель для казахстанцев по-прежнему является «вторым хлебом».

По данным Статистического агентства Республики Казахстан 2015 г., в республике площади картофеля составили 190,6 тыс.га, валовой сбор – 3,521 млн. т (средняя урожайность – 18,55 т/га). Объем убранного урожая картофеля перекрывают медицинскую норму потребления казахстанцев в 2 раза. Это также указывает на потенциал Казахстана в отгрузке излишней картофельной продукции на экспорт. Поэтому вопрос в производстве картофеля не должен стоять в наращивании экстенсивного наращивания площадей или объемов производства, а в повышении качества выращенной продукции, увеличении объемов переработки картофеля, улучшении ее полезных

свойств для здорового и сбалансированного питания, особенно с точки зрения насыщенности витаминами, микроэлементами и другими элементами антиоксидантной природы [1].

Величина формируемого уровня урожая сельскохозяйственных культур, в частности картофеля, определяется развитостью их вегетативной биомассы. Формирование мощной надземной биомассы растений обеспечивает накопление соответствующей величины продуктивных органов. То есть, насколько развита надземная часть растений картофеля, настолько развита и подземная их часть.

Важным резервом повышения урожайности и качества сельскохозяйственной продукции является применение регуляторов роста растений (РРР).

К концу 80-х годов прошлого века регуляторы роста растений стали рассматриваться как самостоятельный обширный класс физиологически активных веществ. РРР стали качественно новым методом интенсификации производства в сельском хозяйстве и наиболее полно удовлетворяют возрастающим требованиям к обеспечению безопасности пестицидов для здоровья человека, теплокровных животных, полезной фауны агроценозов.

Особенностью действия регуляторов роста является их способность интенсифицировать физиолого-биохимические процессы в растениях и одновременно повышать устойчивость к стрессам и болезням. Высокая физиологическая и фунгицидная активность многих регуляторов роста проявляется в низких концентрациях – 5–50 мг/га, при этом они не оказывают вредного влияния на почву и окружающую среду [2].

Эксперимент проводился в 2017–2018 гг. на участке КХ «Прокопченко» Качирского района. В эксперименте использовались клубни картофеля сорта Гала обработанные стимуляторами роста эпин экстра, стимул, гумат калия.

Обработка проводилась 2 раза: перед посадкой, замачивание семенных клубней и опрыскивание в фазу бутонизации. Комбинированное применение препарата, т. е. обработка семенных клубней и обработка растений. В таблице 1 указаны дозы внесения стимуляторов роста. Контрольным вариантом в опыте служил вариант без обработки. Размещение вариантов в повторениях – систематическое. Повторность опыта – трёхкратная.

При закладке опытов и проведении исследований руководствовались методикой полевого опыта Б. А. Доспехова [3] и методикой исследований по культуре картофеля [4].

Таблица 1 – Доза внесения препарата

Стимулятор роста	Обработка клубней перед посадкой	Обработка в фазу бутонизации
Эпин экстра	10л/г	150-130 л/га
Стимул	2мл/0.7-1 л	2 мл/0.7л
Гумат калия	0.5 г/1 л	3г/10 л

Посадка картофеля за годы исследований была проведена 18-20 мая, в 4 делянки, схема посадки 2мX50 см. На 18-е сутки после посадки наибольший прирост высоты всходов после первичной обработки клубней (7.06.18) в сравнении с контролем на 48 % дал эпин экстра, стимул на 36 %, гумат калия на 28 % (Таблица 2)

Таблица 2 – Высота всходов картофеля

Варианты опыта	Количество сходов	
	Ср. значение, см	% к контролю
Вода (контроль)	2,5	100
Эпин экстра	3,7	148
Стимул	3,4	136
Гумат калия	3,2	128

В период цветения площадь поверхности листовой пластины в сравнении с контролем увеличилось на 8,5 % – эпин экстра, 2,2 % – стимул, 10,7 % – гумат калия.

Таблица 3 – Площадь поверхности листовой пластины

Варианты опыта	Площадь поверхности листовой пластины	
	Ср. значение, см	% к контролю
Вода (контроль)	23,5	100
Эпин экстра	25,5	108,5
Стимул	24,02	102,2
Гумат калия	26,03	110,7

Как видно из данных таблицы 2–3, все варианты обработки стимуляторами роста обеспечили формирование прироста высоты всходов картофеля и увеличение площади листовой пластины на одном растении в сравнении с контрольным вариантом.

ЛИТЕРАТУРА

1 Интернет в Казахстане: Б. С. Рахымжанов, доктор PhD, Б.Р. Амренов, к.с.-х. наук, Казахский НИИ картофелеводства и овощеводства, эксперты по направлению картофелеводство/ 24 марта 2018 г. [Электронный ресурс]. – <https://agro-mart.kz/kk/mehanizatsiya-protseessov-proizvodstva-kartofelya/> © Дата обращения [01.03.2019].

2 Е. М. Екатеринбургская // Журнал: Издәністер, нәтижелер. Исследования, результаты // 2014 год Алматы.

3 Доспехов Б. А. Методика полевого опыта (с основами статистической обработки результатов исследований). М.: ИД Альянс, 2011. 352 с.

мен өркендік бүршіктері жер бетінде (немесе 1-2 см тереңдікте) орналасқан тығызтүптілермен (селдірек, аққылтан т.б.) алмасады. Тығыз түпті астық тұқымдастары шымтопырақ құрылымының үшінші негізгі сатысы болып есептеледі. Бұл кезең шалғындықтың қартаюы және жойылуының белгісі.

Академик В. Р. Вильямс топырақ түзілудің ғылыми негізін салушы ретінде «өсімдік пен өсу ортасының бір-біріне әсері арқылы топырақ-өсімдік кешендерінің алмасуы байқалады және мұндай өсімдік бірлестіктерінің алмасуы топырақ құрылымын өзгертуге әкеледі» - деп тұжырымдады. Осы зерттеулер бойынша шалғындық кезеңі үш сатыдан өтеді.

Бірінші сатыда астықтұқымдас ұзын тамырсабақты өсімдіктер қауымдастықтары өсіп дамиды (жатаған бидайық, қылтықсыз арпабас т.б.). Өйткені осы кезеңде тамырсабақты өсімдіктер өте қолайлы жағдайларда өседі (жарықтың түсуі, топырақтың қопсытылуы, желдетілуі т.б.). Тамырсабақты кезең шалғындықтың жас шағы болып есептеледі.

Екінші кезең өсімдік қауымында сирек түпті астық тұқымдастардың қарқынды өсуімен ерекшеленеді (жима тарғақ, шалғындық бетеге т.б.). Шалғындықта қуатты түптенген бұршақ тұқымдас шөптерді де кездестіруге болады. Бұл кезең шалғындықтың толық жетілген шағы ретінде белгілі.

Қорыта келгенде шалғындықтың шаруашылық маңызы жоғары негізгі кезеңі сиректүпті астық тұқымдастары өсетін шағы. Сол себепті жақсартуға арналған негізгі агротехникалық шаралар топырақтың тығыздалуына және шымтопырақ түзілуінің қарқынды жүруін болдырмауға бағытталуы тиісті. Құмды және ашық жерлерді өсімдіктер басуының да өз ерекшеліктері бар. Оған мысал ретінде жылжымалы құмдарда өздігінен өсетін өсімдіктерді атауға болады. Мұндай құмдарда өмір сүруге бейімделген өсімдіктер- псаммофиттер деп аталады. Олар күшті дамыған тамырсабақтары мен тереңге бойлап өсетін тамырлары бойынша ерекшеленеді. Көпшілік өсімдіктердің тамыры құрғақшылыққа және механикалық зақымдарға қарсы ұсақ құмдармен қабыршықтанып қапталған болады. Бұлардың қатарына айғыр қияқты (құмдық сұлы), сорандарды, Карелин селеуін жатқызуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Вильямс В. Р. Луговое ведение и луговая площадь. М, 1971.
- 2 Андреев Н. Г. Луговое и Полевое кормопроизводство. – М.: Колос, 1983.

АНИСТІ ӨСІРУ МАҢЫЗЫ

АЛЬМИШЕВ Ұ. Х.

а.-ш.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ШАХАН А. Т.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақстанда әлі де таралмаған өсімдіктердің бірі – анис. Анис жемістерінде тағамға, парфюмерияда, фармацевтикада және өндірістің басқа да салаларында пайдаланылатын эфир майы (2,5–4 %) жинақталады. Сонымен қатар, оның жемісінде негізінен сабын қайнатуда қолданылатын техникалық май 22 % -ға дейін болады, оның 80–90 % қатты анетолдан және сұйық метилхавиколдан тұрады.



Анис күнжарасы – құнды құрама жем. Оның 100 кг күнжарасында 85 мал азықтық өлшем бар.

Эфир майын алынғаннан кейінгі анис күнжарасында 19 %-ға дейін протеин және 22 % май болады. Күнжара бағалы мал азығы, егер онымен сауын сиырларды азықтандырса сүттілігі және майлылығы жоғарылайды.

Анистің отаны Кіші Азия. Ол ТМД елдері бойынша Ресейдің кейбір облыстары мен Украинаның орманды-далалық бөлігінде аздап өсіріледі. Бұл дақыл Қазақстан үшін таңсық өсімдік. Анистің тұқым өнімділігі – гектарына 6–8 ц/га.

Анис (*Pimpinella anisum* L.) – Балдыркөктер тұқымдасының (Ariaceae) біржылдық өсімдігі. Дақыл – кіндік тамырлы, жақсы жетілген. Сабағы тік өседі, жоғары жағында тармақталған, биіктігі 40–60 см. Жапырақтары кезектесіп орналасқан, төменгілері – ұзын сағақты, домалақ, немесе бүйрек тәрізді; ортасындағылары қысқа сағақты, үш салалы жапырақ; жоғарғылары сағақсыз, таспа бөліктерге бөлінген. Гүлшоғыры – күрделі шатыршагүл. Гүлдері – ақ. Жемістері жұмыртқа немесе алмұрт пішінді, екі тұқымды – жарылмайтын жасылша-сұр жемішшелерден тұрады, жабысқан қысқа қылшалармен жабылған. Дәмі – тәттілеу, татымды. 1000 тұқымның массасы 3,5–4 г.

Анис өсу ортасына көктегеннен – бұтақтану кезеңіне дейін қатаң талаптар қояды. Көгі шыққаннан кейін 40–50 күннен соң гүлдейді, гүлдегеннен кейін жемісінің пісуіне 50–60 тәулік қажет.

Өсіп-даму кезеңінің ұзақтығы 120 күнге созылады, белсенді температура жиынтығы – 2200 °С құрайды. Анистің өсіп-жетілуіне оңтайлы жағдай қоңыржай ылғалды топырақта қалыптасады. Анис жылу мен ылғалға салыстырмалы талапты. Оның тұқымы 6–8 °С өніп-өсе бастайды. Өсіп өнуіне оңтайлы температура 22–25 °С. Көктері 4–6 °С дейінгі қысқа мерзімді үсікті көтереді. Өсімдіктің жылууды көп мөлшерде қажетсінуі гүлденудің басынан тұқымның пісуіне дейінгі аралық.

Тұқымның бөртуі үшін массасының 120 % ылғал қажет. Ылғалды барынша көп қажетсінуі гүлдену мен тұқым түзу кезендерінде байқалады. Топыраққа анис жоғары талап қояды. Ол үшін ең жақсы топырақ – құнарлы қара топырақ.

Қазақстанда өсіруге рұқсат етілген сорттары – Алексеевский 38, Алексеевский 334, Местный.

Ауыспалы егісте анисті күздіктер мен отамалы дақылдардан кейін орналастырады. Ол тыңайтқышты қажетсінеді. Негізгі тыңайтқыш ретінде гектарына 45–60 кг-нан (ә.е.з. мөлшерінде) толық минералдық тыңайтқыштар (NPK) енгізіледі. Себуда түйіршіктелген суперфосфат, ал жертаған жапырақ пайда болғанда өсімдікті гектарына 15–20 кг әсер ететін зат есебімен азот- фосфор тыңайтқыштарымен үстеп қоректендіреді.

Анис топырағын өңдеу кориандрға ұқсас. Тұқымды себу алдында жылы ауамен өңдейді. Себуді, егер танап арамшөптерден таза болса, ерте жаздық астықтармен бір мерзімде кәдімгі жаппай қатардағы тәсілмен жүргізеді.

Арамшөптермен ластанған топырақтарда кең қатарлы тәсіл (45 см) жақсы нәтиже береді. Тұқымның себу мөлшері 1 гектарға – кәдімгі жаппай қатардағы егісте – 20, кең қатарлыда 12–14 кг. Себу тереңдігі 2–3 см. Сеуіп болғаннан кейін топырақты таптауышпен тығыздайды. Кең қатарлы егісті кемінде үш рет қопсытады: біріншісі – көктеу кезеңінде, келесілерін – арамшөптердің пайда болуына қарай және қатараралықтар қабыршақтанғанда.

Анисті бір немесе екі кезенді тәсілмен орталық шатыршагүлдегі жемістер пісуінің басында немесе шатыршагүлдің 60 % піскенде жинайды.

Сараптай келе анис өсімдігін еліміздің аймақтарында да өсіруге болады деген тұжырым жасауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жоғары сатыдағы өсімдіктер систематикасы: оқу құралы /
Б.М.Силыбаева және т.б.-Семей: Интеллект, 2010

8.3 Мал шаруашылығының дамуы
8.3 Развитие животноводства

ҚҰС ӘЙМЕРИОЗЫ. ҚҰС ӘЙМЕРИОЗЫН
АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЕМДЕУ

АКИЛЬЖАНОВ Р. Р.

в.г.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

АЛКЕНОВА Д. Д.


студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Эймериоз (кокцидиоз) – споровиктер класына жататын, қарапайым бір жасушалы организмдер тудыратын, ішек немесе бүйрек (қаздарда) зақымданған құс төлінің жұқпалы ауруы. Ауру құстың жалпы күйінің төмендеуімен, ас қорыту жүйесінің қызметінің бұзылып іші өтуімен (кейде қан аралас) және тез арықтауымен сипатталады. Эймериоз әлемнің барлық бөліктерінде омыртқалы жануарлар арасында кең таралған. Климаттық жағдайлар қоздырғыштың дамуына неғұрлым қолайлы жағдай жасап, ауру жаздың басында және күзде жиі тіркеледі. Эймериоз орта және оңтүстік белдеулерінде, әсіресе қарапайым санитарлық-гигиеналық жағдайлар сақталмаған шаруашылықтарында кеңінен таралған. Кокцидиялар кең таралған және құс ұстайтын барлық жерлерінде кездеседі. Үй құстарынан балапандар, күрке тауықтар, қаздар, мысыр тауықтары жиі ауырады. Кокцидия ауру қоздырғыштары *Eimeria* түріне жатады. Бұл күрделі даму циклі бар бір жасушалы организмдер, температура мен ылғалдылықтың сәйкес болуы кезінде сыртқы ортада өтеді. Ауру қоздырушыларын ооцисталар деп атайды. Олар екі түрлі болады: жетілген және жетілмеген. Жетілмеген (спораланбаған, инвазиялық емес) ооцисталар. Түрлері дөңгелек, сопақша, жұмыртқа, алмұрт тәрізді болады. Ооцисталар негізінде екі, кейбіреулері үш қабатты қабықпен қоршалған. Қабықтары тегіс, кейде бұжыр болып келеді. Жетілген (спораланған, инвазиялық) ооцисталар. *Eimeriinae* тұқымдасы тармағына жататын жетілген ооцисталардың ішінде 4 спороциста, олардың әр біреуінің

ішінде 2 спорозоиттар орналасады. *Eimeriinae* тармағына жататын жетілген ооцисталардың ішінде 2 спороциста, олардың әрбіреуінің ішінде 4 спорозоит болады. Ооцитерді желімдеу арқылы бұл ауруды жұқтырады. Кокцидий ооцистері-ішінде протоплазма және ядросы бар екі контурлы қабықпен қапталған микроскопиялық сопақша немесе дөңгелек түзілімдер болады. Ооциста ауру құстан бөлінеді. Сыртқы ортада тиісті температураға және ооцистке оттегінің қол жетімділігіне ылғал болған кезде спорозоиттер қалыптасады. Әрбір ооцисте төрт споробласт, әрбір споробласта екі спорозоит пайда болады (1 сурет). Ооциста қалыптасқан, сегіз спорозоиттермен құс жұқтыруды тудыруы мүмкін. 20–25° температурада сыртқы ортада ооцистаның жетілуі 24–28 сағат ішінде жүреді. Қалыптасқан ооциста азықпен және сумен құстардың ішегіне түседі [1, 161 б.].

Ас қорыту ферменттерінің әсерінен ооциста қабығы бұзылады, спорозоиттер босатылады және ішектің қабырғасына енеді, онда 4–7 күн ішінде күрделі даму циклін жасайды, соңында сыртқы ортада бөлінетін жаңа ооцистер қалыптасады. Ішектің шырышты қабығының эпителийіне және кейде шырышты ұлпасына өтеді. Мұнда ядро бірнеше рет бөлініп, дөңгелек пішінді шизонттар қалыптасады. Бұл түзілімдердің ішінде протоплазманың бөлінуі нәтижесінде көптеген жұқа, ұзын мерозоиттер пайда болады. Олар ішек түтігіне шығып, шырышты қабығына қайтадан енеді де жаңа бөлу циклын бастайды және жаңа шизонттар құрайды. Мұндай бөлу циклын шизогония деп атайды және де бұл цикл бірнеше рет қайталанады. Содан кейін дамудың жаңа кезеңі гаметогония басталады. Мұнда дөңгелек денелердің ішінен екі жгуты бар өте ұсақ ұзын, жұқа телескоптар пайда болады, микрогамет (ерлер жасушалары) деп аталады, мерозоиттердің басқа бөлігі қосалқы қоректік материалға бай ірі дөңгелек бір ядролы макрогаметтер (әйелдер жасушалары) жасушаларына айналады. Микрогаметтер макрогаметалармен көшіріледі және олар қосылғаннан кейін дамудың соңғы сатысы зигота пайда болады. Ол тығыз екі контурлы капсуламен қоршалған және ооцистаға айналады. Жаңа ооцистер эпителийден шығып, ағзадан нәжіспен бөлінеді. Сыртқы ортаның қолайлы жағдайларында: жылу, ылғал және оттегінің қол жетімділігі болған кезде дамудың экзогенді фазасы-спорогония қайтадан басталады. Экзогенді кезеннен өтпеген ооцистер ағзада дами алмайды, яғни патогенді емес.

Ооцист диаметрі ұзындығы бойынша 10μ-ден 30μ-ге дейін өзгереді. Ооцистер сыртқы ортаға өте төзімді. Топырақта олар бірнеше айдан бір жылға дейін сақталады [2, 155 б.].



1, 2, 3 – жетілмеген, жартылай жетілген және жетілген (споруланған) ооциста *Eimeria stidae*; 4, 5, 6 – *Eimeria irrisidua*; 8, 9 – *Eimeria magna*, 10, 11, 12 – *Eimeria media*; 13, 14 15 – *Fimeria perforans*
Сурет 1 – Кокцидияның әр түрлі ооцистері:

Инвазияның сезімталдыққа әсер ететін факторлар. Жас шамасындағы резистенттік кокцидийлердің қабылдағыштығына қатысты маңызды фактор ретінде назарға алынбайды. Шынында да, егер балапандарды алдымен инвазиядан бос ұстаса, онда олардың жасына қарай ауруға сезімталдығы да артады. Ерте жастан ауырып қалу нәтижесінде құс қайта жұқтыруға төзімді болады. Бұл тұрақтылық әрбір штамм үшін ерекше, яғни бір штаммнан қорғау, *Eimeria* басқа штаммдарының сезімталдығын төмендетуге кепілдік бермейді. Резистенттік дәрежесі штаммға байланысты және олардың кейбіреулері бір жұқтырғаннан кейін берік иммунитетті қалыптастыруға ықпал етеді, басқа штаммдардан қорғау үшін құс ауруға толық сезімтал болмас бұрын бірнеше жұқтыру жағдайлары

қажет. Алайда, инвазияның бейімділігі, қандай да бір болмашы болса да, қайта жұқтырудан қорғауды қамтамасыз етеді және ооцист аз саны салыстырмалы түрде тұрақты иммунитет береді. Мұның бәрі іс жүзінде қиын, бірақ табиғи жағдайда бір жануарларда иммунитет түзіледі, ал басқаларында иммунитет болмайды және аурудың клиникалық нысандары өсірудің кез келген кезеңінде жас төлде байқалуы мүмкін. Зарарланған азықты тұтыну немесе азықты түйю нәтижесінде ауруға төзімді құс ішегі зақымдануы мүмкін, бұл өнімділіктің төмендеуіне және экономикалық шығындарға әкелуі мүмкін. Азықты тұтыну немесе төлеу деңгейінің төмендеуі аурудың клиникалық түрінің көрінуімен қатар жүреді [3, 76 б.].

Басқа аурулар кокцидиоз ауруының ауырлығына әсер етуі мүмкін және қазіргі уақытта Марека кокцидиоз ауруының ауырлығын күшейтеді және оған қарсы иммунитеттің қалыптасуына әсер етеді.

Ауруға қарсы күрес. Практикаға күтудің қарқынды әдістерін кеңінен енгізуіне қарай құстың кокцидиозымен күресу әдістері күрделі болып жатыр.

Диагноз қойылғаннан кейін бірден емдеу препараттарын қолдану керек. Құстарды отырғызу тығыздығы үлкен болса, әрдайым уақтылы диагноз қоюға мүмкін емес, сондықтан көптеген адамдар емдеу басталғанға дейін жұғуы мүмкін.

Әдетте тауықтарға арналған рациондарға үздіксіз алдын алу мақсатында кокцидиостатиктер қосады. Барлық бройлерлер мен жұмыртқа бағытындағы жас балапандарды еденде ұстағанда осы препараттарды емдеу дозаларында береді. Кокцидиостатиктерді ересек құстарға бермейді.

Кокцидиоздың таралуын ауыз суға немесе азыққа қосылатын сульфонамидтермен немесе сульфонамидтер мен пиримидиндер қоспасымен емдеуге болады, бірақ соңғы әдіс ыңғайлы.

Сульфаметазин немесе сульфаквиноксалинді әдетте ауыз сумен 0,1 және 0,04 % мөлшерінде 5–7 қолданылады. Қазіргі уақытта монензин, ласалоцид, инкарабазин, ампролиум, сондай-ақ ампролиум басқа препараттармен бірге кеңінен қолданылады, және де монензин ең үлкен сұранысқа ие. Кокцидиоз ауруы санитарлық талаптарды сақтамаумен байланысты [4, 170 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Айткен И. Д. Болезни птиц: – Москва : Агропромиздат, 2006. – 348 б.

2 Исакаков М. М., Дюсембаев С. Т. Профилактика и лечение инвазионных болезней сельскохозяйственных животных и птиц – Алматы, 2006. – 303 б.

3 Кожемяка Н. В., Кудрявцев Ф. С. Справочник ветеринарного врача птицеводческого предприятия – Москва : Колос, 2000. – 302 б.

4 Орлов Ф. М. Болезни птиц: – Москва : Сельхозиздат, 2003. – 543 б.

ӘР ТҮРЛІ ГЕНОТИПТІ СИММЕНТАЛ ТҰҚЫМ СИЫРЛАРЫНЫҢ ЖЕЛІНДЕРІНІҢ МОРФО-ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ҚАСИЕТІ

БАТАЛОВА А. А.

С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Павлодар облысында сүттің 60 %-дан астамы, қазіргі заманғы жабдықтары бар өнеркәсіптік кешендерде өндірілуіне байланысты, сүт өндірісінің инновациялық технологияларына бейімделген жануарларды шығару өзекті мәселе болып табылады. Сүт өндірісінің тиімділігі, өнімділікке және технология талаптарына сәйкес дәрежесіне тікелей байланысты. Тіпті, заманауи технологиялық шешімдерді қолданбаса жануарлар жоғары өнімділікке ие болмаса, жеткілікті рентабельді өндірісті қамтамасыз ете алмайды. Сүтті мал шаруашылығын қарқынды технологияға ауыстыру жұмысын қарқынын одан әрі жеделдету міндетін шешудегі басты мәселелердің бірі – мал сапасын жақсартуға бағытталған селекциялық жұмыс болып табылады.

Жинақталған тәжірибе көрсеткендей, өнеркәсіптік үлгідегі технология жағдайында, жануарларға қойылатын негізгі талап: сиырлардың жоғары өнімді сауу қондырғыларында машинамен сауу кезінде, жоғары сауу қабілеті болып табылады. Алайда, егер сүт өнімділігінің генетикалық деңгейінің жоғарылауы әрдайым өзгермеген болса және сүтті мал шаруашылығын дамытудың барлық сатыларында іріктеудің негізгі міндеті болып келсе, емізік құрылымы мен желіннің түріне, сүт өнімділігінің қарқындылығына, жалпы кірістілігіне, жұқпалы ауруларға төзімділігі күрт өсті. Жақсы пішіннен басқа, сиырдың алдыңғы және артқы желін бөліктері біркелкі дамуымен сипатталуы керек. Кейбір зерттеушілердің мәліметтері бойынша, симментал малының, желін мен емізіктердің жеткіліксіз дамуы мен сүт беру қарқындылығының төмен болуына байланысты, 20-дан 40 %-ға дейін ғана сүтті мал шаруашылығын қарқынды жүргізуге жарамды.

Сүт безінің сүт өндіруге тікелей байланысты органы ғалымдар мен мал шаруашылығының тәжірибешілеріне көп қызығушылық танытты. Ең жоғары өнімді сиырлардың, құрсақ бойымен және аяқ сандары сызығымен өтетін кең көлемді желіндері бар. Безді жабатын терінің қысқа және жұқа шаштары болуы керек, қоректік заттарды безге әкелетін, қанайналым жүйесінің белсенділік қызметін көрсетуі үшін, желіннің тері астындағы веналық тамырлары анық көрініп тұруы тиіс [1; 2; 3].

Машинамен саууды кеңінен қолданысқа енуіне байланысты, экстерьер бойынша ауысымды бағалау мәселесі ерекше маңызға ие болып келе жатыр. Сиырлардың морфологиялық қасиеттері бойынша, машинамен саууға жарамдылықтарын іріктеуден өткізе отырып, олардың функционалдық қасиеттерін жақсартуға болады.

Көптеген авторлардың мәліметтері бойынша, жақсы желіні бар сиырлар орта есеппен жоғары өнімділік береді [4].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Гершун В. И. Мал өсіру және селекция : оқулық. – Алматы : Бастау, 2006. – 592 б.

2 Кулешов П. Н. Теоретические работы по племенному животноводству. – М. Сельхозгиз, 1947. – 221 с.

3 Өтесінов Ж., Оразалиев Б. Зоогигиена және санитарлық талаптар : оқу құралы. – Астана : Фолиант, 2012. – 152 б.

4 Лискун Е. Ф. Экстерьер сельскохозяйственных животных. - М.: Сельхозгиз, 1949. – 310 с.

МОЛОЧНАЯ ПРОДУКТИВНОСТЬ КОРОВ СИММЕНТАЛЬСКОЙ ПОРОДЫ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ ПРОХОЖДЕНИЯ В ТОО «ГАЛИЦКОЕ»

ТЕМИРЖАНОВА А. А.

к.с.-х.н., профессор, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

БЕКСУЛТАНОВА С. Ж.

студент, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

Молочная продуктивность – важнейший хозяйственно-полезный и экономический признак в молочном скотоводстве, она характеризуется количеством и качеством молока, полученного за определенный промежуток времени (за лактацию, календарный год,

а также за ряд лактаций). Кроме того, в ряде случаев учитывают пожизненную продуктивность животных.

Исследования Е. Ф. Лискуна показали, что между строением молочной железы и её функциональной деятельностью существует определённая зависимость.

Установлено А. С. Всяких, что массаж вымени у нетелей на шестом, седьмом и восьмом месяцах стельности способствует более равномерному развитию всех его долей, увеличению его ёмкости и лучшему приспособлению к машинному доению. Это было подтверждено опытами по массажу вымени у нетелей симментальской породы в Ардымском объединении совхозов Пензинской области и у нетелей швицкой породы в племзаводе «Пахомово» Тульской области. Массаж вымени у них позволил увеличить молочную продуктивность первотёлок на 500–700 кг.

Уровень молочной продуктивности зависит от наследственности, породы, физиологического состояния, условий кормления, содержания и использования животных. Из факторов физиологического порядка, воздействующих на молочную продуктивность, большое значение имеют возраст, продолжительность лактации, стельность, половой цикл и т.д.

К условиям внешней среды, влияющим на удои, прежде всего, следует отнести кормление, условия содержания, температуру и влажность воздуха, сезон отёла, технику и кратность доения и другие. Таким образом, на молочную продуктивность оказывает влияние многочисленные факторы, ряд из них действует совокупно, а поэтому установить меру влияния каждого из них в отдельности очень трудно. Однако, несмотря на это, специальными исследованиями удалось определить степень значения некоторых факторов, что очень важно для повышения молочной продуктивности коров.

Известно, что развитие любого признака организма определяется наследственностью (генотипом) и условиями среды. О количественных признаках, к числу которых относятся молочность, содержание жира и белка в молоке, живая масса и другие, мы судим по фенотипу, по проявлению их в тех условиях, в которых растёт и развивается организм.

Следовательно, фенотипическое разнообразие признаков у животных обуславливается сложным взаимодействием наследственности и условий кормления и содержания.

Известно, что у животных примерно с одинаковой наследственностью под влиянием разных условий внешней среды

(кормление, уход и содержание, особенности использования и т.д.) формирование признаков идёт неодинаково. Так, у одних коров с повышением удоев содержание жира и белка в молоке снижается, у других повышается или же сохраняется на том же уровне.

Наличие в стадах коров, у которых высокий удои сочетается с хорошим содержанием жира и белка в молоке, свидетельствует о возможности совершенствования существующих и выведения новых пород, линий и семейств, сочетающих высокие удои с высокой жирностью и белковостью молока.

Породы крупного рогатого скота в процессе своего формирования, совершенствования приобрели ряд биологических и хозяйственно-ценных качеств, в том числе высокую молочную продуктивность и хороший состав молока. Поэтому при прочих равных условиях уровень молочной продуктивности и состав молока зависит от породы.

Исследуемое поголовье состояло из различных генеалогических групп скота и представляло собой потомков 3 быков-производителей симментальской породы местной селекции, симментальской породы немецкой селекции и голштинской породы красно-пестрой масти.

Животные были разбиты на три группы по 15 голов в каждой в зависимости от происхождения по отцу: 1 группа – дочери быка Гранта 4120 (чистопородная симментальская порода); 2 группа – дочери быка Соломона 5230 (немецкая симментальская порода); 3 группа – дочери быка Барона 8087 (красно-пестрая голштинская порода).

Данные молочной продуктивности коров в зависимости от происхождения по отцу представлены в таблице 1.

Таблица 1 – Продуктивность коров в ТОО «Галицкое» в зависимости от происхождения, кг

Кличка быка	Лактация	n	Дочери		Матери	
			X±m	Cv, %	X±m	Cv, %
Грант 4120	1	15	3535±83,22	15,79	3730±69,21	12,45
	2	15	3328±158,97	32,04	3873±88,30	15,29
	3	15	3528±150,93	30,04	3985±81,20	14,19
Соломон 5230	1	15	3612±131,81	20,96	3752±66,36	10,16
	2	15	3401±118,63	20,03	4050±91,24	12,94
	3	15	4011±122,72	17,58	4005±91,24	12,94

Барон 8087	1	15	3859±214,12	10,79	3533±88,60	6,14
	2	15	3974±380,31	23,44	3724±74,70	4,91
	3	15	3665±501,35	33,50	3970±186,68	11,52

Делая анализ таблицы, видим, что наблюдаются различия по уровню за первую, вторую, третью лактации у коров разных генотипов. Так, у дочерей быка Барона 8087 красно-пестрой голштинской породы продуктивность по первой лактации превосходит удой матерей на 1324 кг и превышает продуктивность первотелок других генотипов. По второй лактации дочери быка Барона 8087 по удою превосходят матерей на 250 кг, а также дочерей других быков. По третьей лактации удой дочерей быка Барона 8087 меньше, чем у матерей на 305 кг.

Удой дочерей быка Гранта 4120 чистопородной симментальской породы как по первой, так и по второй и третьей лактации был ниже, чем у матерей на 195 кг и на 545 кг соответственно.

Удой дочерей быка Соломона 5230 по первой и второй лактациям меньше удою матерей на 140 кг и на 649 кг соответственно. По третьей лактацией наиболее продуктивными являются коровы немецкой симментальской породы, удой которых составил 4011 кг молока, что незначительно превышает удой матери. Сравнивая со сверстницами, можно отметить, что потомки быка немецкой симментальской породы превосходят по продуктивности на 346 кг потомков быка красно-пестрой голштинской породы (рис. 1).

Из рисунка 1 видно, что наивысшая молочная продуктивность по первой и второй лактации у дочерей быка красно-пестрой голштинской породы она составила 3859 кг и 3974 кг соответственно. По третьей лактации лидирует дочери быка немецкой симментальской породы, их удой составил 4011 кг. Самым низкий показатель молочной продуктивности по первой и второй лактации наблюдается у дочерей быка чистопородной симментальской породы, она составила 3535 кг и 3328 кг молока соответственно.




Рисунок 1 – Молочная продуктивность коров, кг

Таким образом по результатам проведенных исследований установлено, что наиболее высокую молочную продуктивность показали дочери быка Барона 8087 красно-пестрой голштинской породы.

Жирномолочность так же является важным признаком, который характеризует молочную продуктивность коров. С увеличением содержания жира в молоке повышается питательная ценность продукта, снижается себестоимость, удешевления производства молочных продуктов.

Жирность молока у различных коров может колебаться в значительных пределах. Но жирномолочность, в отличие от обильномолочности, изменяется в меньшей степени под влиянием внешних условий. Изменение жирномолочности в стаде коров ТОО «Галицкое» можно проследить по показателям таблицы 2.

Таблица 2 – Жирномолочность коров различных генотипов, %

Кличка быка	Лактация	n	Дочери		Матери	
			X±m	Cv, %	X±m	Cv, %
Грант 4120	1	15	3,92±0,04	6,21	3,71±0,02	3,53
	2	15	4,03±0,04	6,96	3,76±0,02	3,7
	3	15	3,98±0,06	7,21	3,86±0,02	3,8
Соломон 5230	1	15	3,89±0,04	5,80	3,71±0,03	3,97
	2	15	4,02±0,06	8,20	3,76±0,03	4,22
	3	15	3,96±0,05	6,72	3,82±0,03	4,63

Барон 8087	1	15	3,80±0,04	2,76	3,68±0,05	3,61
	2	15	3,86±0,04	2,52	3,71±0,06	3,66
	3	15	3,98±0,07	4,53	3,70±0,04	2,96

Исходя из данных таблицы 6, можно увидеть, что дочери быков по сравнению с матерями показали лучший результат. Так дочери быка Соломона 5230 немецкой симментальской породы превосходят матерей по жирномолочности по первой лактации на 0,18 %, быка Барона 8087 на 0,22 %. Сравнивая этот показатель дочерей быков разных генотипов, можно отметить, что наибольшей жирномолочностью отличаются дочери быка Гранта 4120–4,03 %.

Сравнивая средние показатели по стаду с жирномолочностью дочерей быков можно сказать, что потомки быков немецкой симментальской породы и чистопородной симментальской породы превосходят на 0,02 и 0,05 % соответственно. У быка красно-пестрой голштинской породы дочери имеют жирномолочность ниже, чем в среднем по стаду на 0,07 %. По второй лактации наибольшей жирномолочностью обладают дочери быка Гранта 4120 чистопородной симментальской породы, которая составила 4,03 %, в то время как у дочерей быков Соломона 5230 и Барона 8087, 4,02 и 3,86 % соответственно. По третьей лактации лидируют дочери быка Барон 8087 – 3,98 %.

Для визуального сравнения жирномолочности коров – воспользуемся диаграммой (рис. 2).




Рисунок 2 – Жирномолочность коров разных генотипов, %

Из диаграммы видно, что самая высокая жирномолочность по первой и второй и третьей лактации была у дочерей быка Гранта

4120 чистопородной симментальской породы, которая составила – 3,92 %, 4,03 %, 3,98 %, Из диаграммы можно сделать следующие выводы, что дочери быка Гранта превосходили своих сверстниц по жирномолочности. Коровы по всем группам имеют молочно-мясной производственный тип.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Даленов Ш. Д. О развитии племенного животноводства // сб. мат. межд. науч.-практ. конф. по проблемам животноводства - Алматы, 2004. – 227 с.
- 2 Бегучев А. П., Безенко Т. И., Левантин Д. Л. Скотоводство. // М.: ВО «Агропромиздат» 2012, - С. 40-41, 133-135.
- 3 Азаров С. Г. Крупный рогатый скот // Сельхозгиз, 2009. С. 164-165.
- 4 Арзуманян Е. А. Животноводство. // М. Агропромиздат 2005. - С. 21-22.
- 5 Эрнст Л. К., Бегучев А. П., Левантин Д. Л. Скотоводство. М.: Колос, 2007. - С. 55-56.
- 6 Герчиков Н. П. Крупный рогатый скот. // Государственное издательство сельскохозяйственной литературы. М.: 2008. - С. 33-34, 66-67, 74-75.
- 7 Дмитриев Н. Г. Частная зоотехния и промышленное животноводство. // Л. Колос, 2001. - С. 23-24.
- 8 Дмитриев Н. Г., Жигачев А. И., Вилль А. В., Кисель И. В., Чемисова Е. Ф., Нетеса А. И. Разведение сельскохозяйственных животных с основами частной зоотехнии и промышленного животноводства. // Ленинград ВО «Агропромиздат», 2009. - С. 98-107.

ОСНОВЫ ЭКОНОМИКИ ТАБУННОГО КОНЕВОДСТВА

ЖАНАБЕРДЫ Д.
студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар
АСАНБАЕВ Т. Ш.
к.с.х.н., асоп. профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар
АКИЛЬЖАНОВ Р. Р.
к.в.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар
ИБРАЕВА А.К.
м. с.-х.н., преподаватель- ассистент,
ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Научно-технический прогресс и высокий уровень механизации сельскохозяйственного производства вызвали объективные изменения в состоянии и направлениях развития коневодства Республики Казахстан.

Республика Казахстан с наличием огромных территории естественных пастбищ (180 млн. га) имеет значительные перспективы в снабжении страны экологически чистыми продуктами питания. Одним из крупных резервов выполнения Продовольственной программы республики является резервы отгонного животноводства, в частности коневодства. Однако с переходом к рыночным отношениям обострились назревшие и нерешенные экономические проблемы рационального ведения табунного коневодства. Только за период радикальных экономических реформ (1993–1999 гг.) поголовье лошадей в республике сократилось почти вдвое. Необоснованно увеличились затраты на производство, рост которых составил около 60 %, в то время как объем производства продукции коневодства снизился.

В настоящее время, в результате принятых мер в аграрном секторе поголовье лошадей в Казахстане стабилизировалось, начался медленный, но стабильный ее рост с начала 2001 года. Ныне (2019 год) в республике разводится более 2,4 миллиона лошадей, значительную часть, которой (около 2 млн.) разводят табунным способом. Производство кумыса и конины в республике возросло.

При составлении перспективных планов в области животноводства широко используются различные нормативы. Применительно к табунному коневодству в экономической и сельскохозяйственной литературе для отдельных регионов страны также разрабатывались нормативные показатели рационального ведения отрасли. Разработка этих нормативов проводилось на основе научных исследований и обобщения опыта передовых хозяйств с развитым коневодством,

методами конструктивных расчетов и экономического моделирования. Однако, в Казахстане такие нормативные показатели как оптимальный возраст реализации конского молодняка на мясо, рациональная структура табуна, производство мяса, затраты труда и средств на структурную лошадь и единицу продукции не разработаны и нуждаются в экономическом обосновании. Наряду с экономическими нормативами требуют решения вопросы организации ведения продуктивного коневодства на уровне кластерных инициатив.

Коневодство в Казахстане ведется в основном табунным способом. Это позволяет в широких масштабах осваивать природные кормовые богатства республики, не вызывая большого отвлечения трудовых ресурсов на обслуживание и заготовку кормов.

В наиболее раннюю эпоху казахов основывали свое хозяйство, главным образом, на табунном коневодстве, которое отвечало кочевым условиям жизни, чем крупное рогатое скотоводство, свойственное оседлому хозяйству. Численность крупного рогатого скота не превышала 1/3 численности поголовья лошадей.

Коневодство, в Казахстане, имеет универсальное значение. Казахская лошадь при своей высокой работоспособности, выносливости и неприхотливости к корму, незаменима в наших резкоконтинентальных условиях. Она уникальная местная порода – специально разводимая для производства мяса и молока. Казахская лошадь в течении круглогодичного табунного содержания, питаясь в основном (70–80 %) подножным (естественным) кормом, дает человеку экологически чистое, лечебно-профилактическое, диетическое мясо. Особенностью туш является высокое содержание жира.

Натуральное казахское кобылье молоко (саумал) является для человека биологически более полноценным продуктом, чем коровье молоко. Оно обладает высокой бактерицидностью.

Экономические связи Павлодарской области с зарубежными странами благоприятствуют международному сотрудничеству в области продуктивного коневодства. Одним из таких перспективных хозяйств является КХ «Алтай» (Мукин С. А.), Лебяжинского района, Павлодарской области, это хозяйство намерено наладить производство сухого кобыльего молока в виде порошка и таблеток. Данный продукт можно употреблять и в сухом, и жидком виде. Когда кумыс обрабатывается сублимационным методом, сохраняется 95 % витаминов. Этот вид продукции востребован в России, Латвии, Германии, Китае, Норвегии в средней Азии и имеет широкое применение в производстве детского и спортивного питания.

Говоря о разных побочных продукциях коневодства, нельзя не упомянуть о таких ценных видах сырья как кожа, волос, шерсть.

Из выше изложенного видно, что продукция табунного коневодства весьма разнообразна. Лошадь дает многие жизненно необходимые средства.

В экономическом и социальном развитии Казахстана коневодство сыграло огромную роль. Коневодство в силу особенных природных и хозяйственных условий, служило и служит не только источником обеспечения внутренних потребностей в тяговой силе, но и удовлетворению значительных размеров нужд местного населения в мясожировых продуктах и в зимней меховой одежде.

Многочисленными исследованиями у нас в стране и за рубежом доказано, что табунное коневодство является самой экономически выгодной отраслью пастбищного животноводства таблица 1.

Таблица 1 – Сравнительная себестоимость производства товарного мяса разных видов

Регион	Сравнительная себестоимость (%)		
	говядина	баранина	конина
Республика Алтай	100	80	50
Республика Хакасия	100	71	41
Республика Бурятия	100	87	51
Республика Тыва	100	93	31
Республика Казахстан	100	85	45
Монголия	100	107	44

Если взять за 100 % себестоимость производства говядины, то во всех регионах страны в хозяйствах с развитым табунным коневодством себестоимость конины в 2,5 раза ниже, уровень производственной рентабельности составляет от 36 до 184 %.

С экономической точки зрения разведение лошадей табунным методом весьма выгодно. О бесспорной выгоде производства мяса за счет развития табунного коневодства освещают труды И. Н. Нечаева, М. Ф. Габышева, В. Р. Дарбасова.

Как видно из трудов отечественных и зарубежных ученых, коневодства рентабельно, прежде всего, потому, что оно представляет собой наиболее устойчивую отрасль, меньше всего страдающую от засухи и бескормицы.

Рентабельность коневодства в Казахстане определяется еще тем, что оно дает возможность наиболее эффективно использовать дальние

кормовые массивы, которые при современном размещении населения на территории страны большей частью оставались пустующими.

Рентабельность табунного коневодства с точки зрения затрат и количества получаемой продукции на единицу затраченного труда не требует особых доказательств. Главные затраты – это труд табунщиков и заготовка некоторого сена как страхового запаса, устройство простейших укрытий, изгородей, жилья для табунщиков в местах дальней тебеневки. Незначительная величина этих затрат по сравнению с величиной затрат по крупному рогатому скоту очевидна.

Таким образом, мы пришли к такому выводу, в условиях Казахстана и в частности Павлодарской области традиционная отрасль – табунное коневодство остается одним из основным резервом увеличения производства мяса. Разведение лошадей казахской породы, приспособленной к экстремальным условиям нашего региона и содержание его табунным образом является единственным способом эффективного использования обширных и разбросанных угодий, малодоступных другим видам животных. Касательно Павлодарской области табунное коневодство весьма эффективна, поскольку связано с круглогодичным пастбищно-тебеневочным содержанием, отличается малым расходом кормов в период тебеневки лошадей и незначительным вложением средств на строительство баз. Казахская лошадь обладает универсальным качеством: используется на сельскохозяйственных работах, скоте, спорте, дает человеку мясо, кожевенно-меховое сырье. Развитое табунное коневодство в области обеспечит рост материального благосостояния жителя города и села.

Специализированное мясное табунное коневодство развито во всех регионах нашей страны, располагающих большими массивами природных пастбищ с невысоким снежным покровом в зимний период, что делает возможным проводить круглогодичный выпас лошадей.



Рисунок 4 – Лошади казахской породы на тебеневке

Таблица 2 – поголовье лошадей в Казахстане, тыс. Голов

Наименование области	2012	2013	2014	2015	2016	2017
Республика Казахстан	1 686,2	1 784,5	1 937,9	2 070,3	2 259,2	2 415,7
Акмолинская	119,7	128,7	142,4	152,2	164,7	172,1
Актюбинская	73,1	78,2	86,6	96,1	106,4	114,6
Алматинская	246,2	253,7	264,2	273,0	285,9	296,4
Атырауская	46,0	46,7	53,4	59,1	64,1	72,8
Западно-Казахстанская	90,5	103,2	116,9	131,5	146,6	166,9
Жамбылская	88,9	93,9	99,6	103,3	111,1	117,0
Карагандинская	185,2	209,6	231,7	245,3	263,9	280,6
Костанайская	84,8	87,5	93,8	99,0	103,3	108,3
Кызылординская	75,4	80,9	86,2	97,5	111,6	120,5
Мангистауская	59,0	56,5	59,3	57,9	62,9	69,6
Южно-Казахстанская	197,1	199,7	214,4	225,3	272,2	307,3
Павлодарская	107,6	111,2	124,9	134,5	144,0	150,3
Наименование	2012	2013	2014	2015	2016	2017
Северо-Казахстанская	96,2	99,9	104,4	109,4	111,5	115,5
Восточно-Казахстанская	216,0	233,7	259,0	285,6	309,9	322,7
г. Астана	0,2	0,2	0,2	0,2	0,3	0,3
г. Алматы	0,3	0,9	0,9	0,4	0,8	0,8

Примечание: (составлено автором по данным <http://stat.gov.kz>)

Анализируя географические отличия отрасли, можно определить рейтинг областей по разведению лошадей, который показывает высокую концентрацию производства преимущественно в Восточно-Казахстанской области – 322,7 тыс. голов и Южно-Казахстанская область – 307,3 тыс. голов. В целом, в данных регионах сосредоточено 26,1 % всего поголовья лошадей. Также можно отметить 5 областей с наименьшим числом лошадей, это –

Северо-Казахстанская, Актюбинская, Костанайская, Мангистауская и Атырауская области.

Для сравнения, в 2000 году численность лошадей в Республике составляла 970 тыс. голов, в Павлодарской области 44,4 тыс. голов, что соответственно превышает поголовье «перестроечного» периода на 1445700 и 105,9 тыс.

Такой скачок роста поголовья говорит о том факте, что отрасль коневодства нашла твердую нишу в экономике как республики, так и нашего региона, и дает предпосылки дальнейшего роста не только количественного, но и главным образом качественного скачка разводимой породы.

ЛИТЕРАТУРА

1 Закон РК О государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий (www.zakon.kz).

2 Об утверждении Правил субсидирования развития племенного животноводства, повышения продуктивности и качества продукции животноводства (<http://zan.gov.kz>).

3 Асанбаев Т. Ш., Бексеитов Т. К. Особенности лошадей разного гентоипа // Вестник науки КазАТУ им. Сейфуллина. – 2009. - № 1. – С. 41-44.

4 Базарбеков К. У., Ляхов О. В. Животный мир Павлодарского Прииртышья. – Павлодар: ПГУ, 2003. – 75 с.

5 Министерство национальной экономики Республики Казахстан комитет статистики (<http://stat.gov.kz>)

6 Нечаев И. Казахская лошадь. Прошлое, настоящее, будущее : учебное пособие / И. Нечаев, А. Тореханов, А. Жумагул, Г. Сизонов и др. Алматы : ДП Эдельвейс, 2005. – 208 с.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ БИОГАЗ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫ ДАМУ

УАХИТОВ Ж. Ж.

а.ш.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЖАНАТ Д. Д.

С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазіргі таңда күнделікті үй жайында пайдаланып жүрген мұнай мен газ қорлары күндердің бір күнінде таусылады. Сол себепті де біз мұнай мен газ қорының үнемді болуы үшін болашақтың кілті ретінде осы жобаны ұсынып отырмыз.

Дамыған және дамып келе жатқан елдерде ауылшаруашылықтың экономикалық дамуы биомассаның қолданудың артықшылығының бірі болып табылады. Фермерлердің табыстарының ұлғаюы және нарықтың диверсификациясы, аграрлық жаңа технологиялар және қосымша ақша түсімдері, халықаралық нарықтағы бәсекелестіктің көбеюі, ауылшаруашылық секторындағы жалпы экономикалық жандануы, қоршаған ортаға жағымсыз әсердің азаюы бұлардың бәрі биомассаны энергия көзі ретінде қолданудың маңызды факторлары. Жаңа қаржы түсімдері фермерлердің және басқа да ауыл тұрғындарының материалдық жағдайларын жақсартып, жергілікті экономиканың одан әрі дамуына жол ашады.

Биогаз – қатты және сұйық күйдегі органикалық қалдықтардың метандық ашуы кезінде түзілетін жанғыш газ. Оның құрамыда 55–65,0 % метан және 35–45,0 % көмір қышқыл газы болады. Ығыртпалардан басқа биогазды арнайы өсірілген энергетикалық дақылдардан алуға болады, мысалға, сүрлемденген жүгеріден немесе сільфия, сонымен қатар балдырлардан. Газдың шығуы 1 тоннадан 300 м³ дейін жете алады.

Адамзат органикалық қалдықтардан биогаз алуды ерте заманнан бастаған. Арнайы жүргізілген археологиялық қазбалар көрсеткеніндей қазіргі Германия территориясында биогаз алатын қарапайым қондырғылар табылған. Эльба өзені аумағында орналасқан тайпалар өзен аңғарының батпақты жерлерінен байқалатын су көпіршіктерін айдаһардың демалғандағы бөліп шығаратын буы деп есептеген. Осы себепті айдаһарлар адамдарға тиіспеуі үшін оларға арнайы тағамдар қалтыратын болған. Уақыт өте келе тайпалар судан шығатын газды пайдалану жолын ойластырған. Ол үшін мал терісін конусқа ұқсатып тігіп, оның бір

жағын газ шығаратын жерге, ал екінші жағын өзі тұратын үйге кіргізіп, сол арқылы үйді жылытуға, тамақ пісіруге пайдаланған. Бұл әдіс олар үшін тиімді болған, себебі ол аймақта құрғақ отын табу мүмкін емес еді [1; 2].

Қазақстандық ауыл шаруашылығының секторын талдау, биогаз технологиялары экономикалық жағынан ғана тиімді емес, сонымен қатар Қазақстанның ауыл шаруашылығын қарқынды дамыту үшін жағдай туғызатынын, АӨК қалдықтарының проблемасын және ауылдық аудандарда энергетикалық инфрақұрылымның әлсіз дамуының мәселесін шешетінін көрсетіп отыр.

Құс фабрикаларында - құстан жиналған көнді бір жерге жинаса, уақыт өте келе көндегі жүретін биологиялық үрдіске байланысты көң қызып, одан белгілі мөлшерде жылу бөлініп шығады. Біздің ойымызша, осы аталған көңнен бөлініп шығатын биологиялық жанғыш газды жыл бойы құс шаруашылығымен айналысатын елді мекен мен ауылды елді мекенін жылумен және электр энергетикасымен толығымен қамтамасыз етуге болады.

Егерде осы саланы Қазақстанда дамытсақ, экономикалық тұрғыдан ғана дамып қоймай, елді мекендерді үкіметтің қолдауынсыз-ақ осындай тиімді тәсілді тұтына отырып, болашақ энергияны қолданудың жаңа жолына қол жеткізуге болады және де ауыл адамдарын жұмыспен қамтамасыз етуді де қолға алады.

Біздің жұмыс жасаудағы ұсынысымыз жоғарыда аталған құс саңғырығын шаруашылыққа пайдалы, әрі тиімді, қол жетімді іске пайдалану жолын көрсету.

Біздің осы жұмысты жазудағы негізгі мақсатымыз – құс фабрикаларына биогаз қондырғысын орнатып, құс саңғырығынан бөлініп шығатын биологиялық жанғыш газды өңдеуінің нәтижесінде құс шаруашылығы мен елді мекендерді толыққанды жыл бойы жылу мен электр тоғымен қамтамасыз ету.

Қазіргі таңда, тауық саңғырығын дұрыс пайдалану, өңдеу құс фабрикаларының өзекті мәселесіне айналуда.

Бірінші кезекте, құс саңғырығы – бұл табиғи органикалық тыңайтқыштарды өндіруге арналған өз құрамы бойынша құнды шикізат.

Тауықтардың саңғырығын құнды тыңайтқышқа айналдыру оларды өңдеудің қазіргі заманғы технологияларының арқасында жүзеге асырылады. Нәтижесінде құрғақ, сұйық немесе түйіршіктелген тыңайтқыштар, сондай-ақ үй шаруашылығында

да, ауыл шаруашылығында да пайдаланылатын компостар мен топырақ грунттары алынады.

Екіншіден, құс саңғырығынан отынның әртүрлі түрлерін алуға болады, мысалы, отын түйіршіктері (пеллеттер) және биогаз. Тауықтардың тіршілік әрекетінің қалдықтарын жағу кезінде алынатын энергияны жылытуға немесе электр энергиясына айналдыруға болады.

Қазақстанның агроөнеркәсіп кешені бүгінгі күні қалдықтардың көп мөлшерін кәдеге жарату проблемасына тап болып отыр – олар көбінесе фермалар аумағынан шығарылып жиналады. Бұл топырақтың тотығуы, ауыл шаруашылығы жерлерінің иеліктен шығарылуы (2 млн.га астам ауыл шаруашылығы жерлері көнді сақтауға алынған), жер асты суларының ластануына және метан – парник газының атмосфераға шығарылуына әкеп соғады. Егер мемлекеттік деңгейде тиімділігі мен тереңдігі жоғары Ауыл шаруашылығын қарқынды дамыту міндеті қойылса, бұл проблеманы шешу қажет.

Кәдеге жаратуға қажетті АӨК қалдықтары айтарлықтай энергетикалық ресурс болып табылады, өйткені тиімділіктің әртүрлі дәрежесімен ауыл шаруашылығы қалдықтарының барлық түрлерінен биогаз алуға болады. Осылайша, биогаз энергетикасын дамыту-бұл қалдықтар мәселесін ғана шешу емес, сонымен қатар ауыл шаруашылығының энергетикалық проблемаларын шешу.

Бағалау және әдеби деректер бойынша (дерек көзі: Energyland.info [3]), Қазақстанда құс шаруашылығы қалдықтарының құрғақ салмағы бойынша жылдық шығымы – 1,9 млн. т немесе 0,95 млрд. м³ газ.

Кесте 1 – Қазақстанда құс шаруашылығы қалдықтарының жылдық шығымы

Құрғақ салмақ бойынша қалдықтар, млн. т	Биогаз шығымы, млрд.м ³
1,9	0,95

Қалдықтардың 1 т құрғақ затынан 500–700 кг жуық тыңайтқыш және 400 м³ биогаз алуға болады. Қазақстанда ауыл шаруашылығы қалдықтарын кәдеге жарату деректерін талдау бойынша 39,8 млн.тонна қалдықтардан 17,5 млрд. м³ биогаз және 25,65 млн. тонна экологиялық таза биотыңайтқыштардан алуға болады. Брикетті қи ауылдық жерлерде автокөлік және

ауыл шаруашылық техникаларына арналған отын ретінде (газ генераторлық қозғалтқыштар орнатумен) пайдаланылуы мүмкін.

Кесте 2 – Қазақстандағы биогаз бен тыңайтқыштардың орташа жылдық шығымы

Қалдықтардың түрлері	Қалдықтардың орташа саны, млн. т	Биогаздың орташа көлемі, млрд. м ³	Биотыңайтқыштардың орташа көлемі, млн.т
Мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының қалдықтары	22,1	8,6	13,26

Электр газ генераторларында 13,26 м³ газды өңдеу жыл сайын 35 млрд. кВт / сағ дейін алуға мүмкіндік береді.

Жылу шығару қабілеті бойынша 1 м³ биогаз 0,7 м³ табиғи газға, 0,643 л немесе 0,566 кг дизель отынына, 0,856 кг шартты отынға баламалы. Биогаз шығуының орташа шамасы 65 м³ / с болғанда тәуліктік өндіріс 1560 м³, жылдық өндіріс – 569400 м³ құрайды. Биоэнергетикалық модульдің өзіндік мұқтаждықтарына жұмсалатын шығындар 22 кВт / сағ.

Бір м³ биогаз 0,4 л керосинге, 1,6 кг көмірге, 0,4 кг бутанға, 2,5 кг көң брикеттеріне тең. Сондықтан ауыл шаруашылығы қалдықтарын қайта өңдеу жолымен алынған биогаз керосин, көмір, Бутан және қи брикеттер ретінде энергия тасымалдаушы ретінде пайдаланылуы мүмкін және ауыл шаруашылығы шығындарын жабады.

Кесте 3 – Биогаздың эквиваленті

Биогаздың эквиваленті	1 м ³ биогаз	Қазақстанда биогаздың орташа жылдық шығымы
		құс шаруашылығы қалдықтары бойынша (8,6 млрд.м ³)
Табиғи газ	0,7 м ³	6,02 млрд.м ³
Дизель отыны	0,643л или 0,566кг	5,530 л/4,868 кг
Электрэнергия	2,6 кВт/ч	22,36 млрд. кВт/ч
Жылу	2515 ккал	21,6 млрд. ккал
Шартты жылу	0,856 кг	7,36 млн. кг
Керосин	0,4 л	3,44 млрд. л

Көмір	1,6 кг	13,75 млрд. кг
Бутан	0,4 кг	3,44 млрд. кг
Қи брикеттері	2,5 кг	21,5 млрд. кг

Сонымен қатар, егер биогазды электр энергиясын өндіру үшін пайдаланса, оның өзіндік құны кВт/сағ үшін 0,025–0,075 доллар ғана көрсетіледі, ал дәстүрлі көздерден электр энергиясы кВт/сағ үшін 0,1–0,15 доллар болады. Мұндай қорытындыға органикалық қалдықтардан биогаз алу жобасын табысты жүзеге асырған Қарағанды қаласының «ЭкоМузей» ҮЕҰ қызметкерлері келді.

Биогаз қондырғыларын енгізудің артықшылықтары экологиялық салықтар мен алымдардың болмауы, өзіндік электр энергиясын алу, биогаз, метан, көмір қышқылын алу, минералданған азот тыңайтқыштарын алу (өнімділігін 30,0 %-ға дейін арттыру) болып табылады [4].

Қазақстанда биогаз қондырғыларын әзірлеумен Қазақ ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру ғылыми-зерттеу институты айналысады. ҚазНИИМЭСХ ЖШС жұмыс көлемі 5 м³ болатын БУ-5 биореактор, көлемі 5 м³ болатын газгольдер, тиейтін шөміш – дозатор, жылу алмастырғыш, автоматты газ жанарғы бар отын қазандығы бар биореактор әзірледі. Олар Ақтөбе және Алматы облысының шаруашылықтарында қондырғыларды құрастырумен айналысады.

Басқаша айтқанда, биогаз технологиялары-бұл өсімдік және жануар тектес әртүрлі органикалық қалдықтарды қайта өңдеудің, кәдеге жаратудың және залалсыздандырудың түбегейлі, экологиялық таза, қалдыксыз тәсілі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Махатов Б. М. Нетрадиционное птицеводство Казахстана: учебник / Б. М. Махатов : Алматы, 2016. – 454 с.
- 2 Петраш М. Г., Кочиш И. И., Егоров И. А. Птицеводство России: История. Основные направления. Перспективы развития : учебник/ М. Г. Петраш, И. И. Кочиш, И. А. Егоров Москва : КолосС, 2004. - 297 с.
- 3 Energyland.info
- 4 В. Баадер, Е. Доне, М. Бренндерфер. Биогаз. Теория и практика.

ВОСПРОИЗВОДИТЕЛЬНЫЕ КАЧЕСТВА ГОРНОАЛТАЙСКОЙ ПОРОДЫ КОЗ В УСЛОВИЯХ ТОО АФ «АҚЖАР ӨНДІРІС»

ИБРАЕВА М. Б.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

АСАНБАЕВ Т. Ш.

к.с.х.н., ассоц. профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

ИБРАЕВА А. К.

м. с.-х.н., преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

КАЗЫЛОВА Г. А.

директор, ТОО Агрофирма «Ақжар Өндіріс»

При определении биологических показателей коз особое значение имеет уровень воспроизводства, который зависит по утверждениям многих исследователей от породы, направления продуктивности, возраста, живой массы, уровня кормления и содержания и многих других факторов [1, с. 12–18].

В козоводстве применяются как вольная, гаремная и ручная случка так и искусственное осеменение.

Сущность гаремной случки заключается в том, что одного козла содержат с группой предназначенных для него маток (25–30 голов) в течение случного сезона. Использование козлов не регулируется, что ведет к нерациональному их использованию, но происхождение потомства контролируется.

Находящаяся в охоте коза покрывается определенным козлом под контролем человека данный метод применяется при ручной случке. Выборку маток в охоте проводят с помощью пробников. Матку для спаривания лучше фиксировать в станке. Для оплодотворения козы достаточно одной нормальной садки с характерным толчком. Нельзя допускать, чтобы козел несколько раз подряд покрывал одну и ту же матку.

После садки козла делают на козе пометку маркером, если коза придет в охоту снова, помечают ее другим цветом. Поскольку козел – самый надежный детектор охоты коз, ручная случка дает определенную гарантию, что козы будут оплодотворены.

Взрослый козел может покрыть 50 коз. Молодому козлу не следует давать более одной садки за 4–6 часов, а в день не более двух садок. Если коза раньше мало контактировала с козлом, помещение ее в загон к козлу может стимулировать у нее охоту. Это известный

«козлий эффект», особенно во время начала случного сезона, когда охота у коз еще плохо проявляется.

Выбор племенного козла. Во многих стадах козел используется в году 3 или 4 месяца. Остальное время он содержится на поддерживающем рационе. Однако, как только начинается случной сезон, козел должен быть готовым к работе. Для этого подготовку козлов начинают не менее чем за месяц до начала случки, доводя их к моменту случки до состояния заводской кондиции. Во время случки козлов надо подкармливать концентратами в количестве 0,8–1,0 кг на голову в день, независимо от кондиции.

Племенные козлы в высшей мере должны обладать хорошей пуховой продуктивностью. Для этого необходимо хорошее происхождение племенного козла, т.е. его родители и более отдаленные предки должны иметь высшую продуктивность и давать хорошее потомство. В этом случае есть уверенность, что данное животное является константным и будет давать хороший приплод.

Племенной козел должен иметь хорошее здоровье и крепкую конституцию, в нем должны быть проявлены все признаки, характерные для породы. Он должен происходить из плодovитой семьи (из числа двоен-троен). Козлы должны быть подвижными, энергичными в половом отношении; тяжелые, рыхлые, флегматичные животные обычно плохо кроют маток.

Для племенных целей непригодны крипторхи (нутрецы), а также козлы с большим препуцием, половые органы должны иметь нормальное развитие. Отрицательно на половую функцию козлов влияет недостаток в рационе протеина, фосфора, витамина А. Дефицит витамина А, Е, недостаток в рационе йода могут отрицательно повлиять на развитие семенников, либидо, качество спермы.

Проблемы с воспроизводством возникают при недостатке в рационе меди, кобальта, цинка, магния. Половая активность козлов снижается или совсем затухает, если стоит жаркая погода и большая продолжительность дня. В такое время держат козла в прохладном помещении с хорошей вентиляцией, обеспечивая его свежей и чистой водой [2, с. 15–16].

Важно осуществлять регулярный контроль за состоянием здоровья козлов. В обязательном порядке надо ощупывать семенники и при выявлении или подозрении на какое-либо заболевание ставят в известность ветеринарных специалистов. Больные животные реализуются на мясо. Непригодны для случки и хромые козлы. Поэтому надо следить за состоянием копыт, при необходимости их

расчищают, обрезают, лечат. При использовании козла в несезонное время (май-июль) можно применять гормональные препараты, но увлекаться ими не следует.

Желательно иметь специальное место для случки коз, при этом сначала помещают туда козла, а затем подпускают к нему козу. В случной сезон даже добронравного козла трудно удержать, поэтому, чем больше облегчается этот процесс, тем лучше.

Возраст первой случки коз. Козочка может приходить в охоту в возрасте 4 месяцев, но случать надо тогда, когда она достигнет живой массы минимум 32 кг. Некоторые козоводы пускают козочек в случку при массе 40 кг и считают это оправданным. В зависимости от того, как содержат козочек, и особенно, чем их кормят, они могут достигать данной массы к возрасту 7–9 месяцев.

Случной сезон. Как правило, массовое проявление охоты у коз отмечается, начиная с 10-й недели после наиболее длинного дня года. С начала сентября до февраля-марта основная масса коз приходит в охоту и хорошо оплодотворяется. С начала апреля циклы проходят вяло, и с этого времени до следующего сентября козы проявляют мало интереса к случке. Небольшое количество коз, приблизительно 5 %, имеют хорошо выраженный половой цикл в течение 1–2 месяцев до и после основного случного сезона. Определенное влияние на смещение циклов у коз может оказать их содержание и кормление.

Недостаток фосфора и меди может задержать охоту или же она будет проявляться нерегулярно, в зависимости от уровня недостаточности. Недостаток магния задерживает охоту или снижает плодовитость. Недостаток витамина А задерживает овуляцию и развитие плода.

Жаркая погода может вызвать плохую имплантацию плода в матке. Большой стресс может нарушить имплантацию или даже вызвать аборт. Некоторые пастбищные травы, такие как белый и красный клевер, содержат высокое содержание эстрогенов. Эти вещества вызывают образование цист на поверхности шейки матки и ее теле, что задерживает продвижение спермиев, и коза может не оплодотвориться.

При разведении коз необходимо уметь распознавать охоту. Очень рано или в конце случного сезона признаки охоты могут проявляться слабо. С сентября по февраль стремление к случке проявляется сильно и распознать коз в охоте не составляет труда. Продолжительность полового цикла, от первого дня одной охоты

до начала следующей, может варьировать от 18 до 24 дней в зависимости от индивидуальности. Охота (течка) может колебаться от 12 часов до 4 суток, а средняя продолжительность 24-26 часов. Охота в середине сезона, с октября по декабрь, сильнее, и случка в данное время дает больше плодотворных оплодотворений.

У некоторых коз признаки охоты проявляются ярче, у других она протекает вяло.

Последним достижением в области практики внесезонных спариваний является использование прогестероноподобных веществ. Тампон, смоченный такими веществами, вводится во влагалище козы, откуда активные вещества адсорбируются в организм. Козы получают данные вещества в самом начале случного сезона, когда плодотворное оплодотворение еще невозможно. Имея такие вещества, можно заставить козу придти в охоту в любое время [3, с. 45].

Синхронизация охоты является ценным приемом, позволяющим интенсифицировать воспроизводство стада.

Не используют простогландины на козах, которые были предварительно покрыты, иначе это приведет к аборту. Кроме того, молоко коз, подверженных воздействию гормональных препаратов, в пищу человека во время обработок использоваться не должно.

Наиболее простым и надежным методом контроля за беременностью служит наблюдение за проявлением охоты – если коза не приходит в охоту в течение трех недель после случки, то она оплодотворена. Проявление охоты позднее, чем через 3 недели, может означать, что эмбрион рассосался по какой-то причине.

В течение беременности коза должна набирать вес, и, следовательно, уровень ее кормления должен быть повышенным, по крайней мере, это особенно важно в течение 4–5 последних недель сукозности.

Результаты козления козوماتок в ТОО «Ақжар Өндіріс» в сравнении с козами казахской грубошерстной породы приведены в таблице 1

Таблица 1 – Результаты случки и козления подопытных козوماتок козления козوماتок горно-алтайской и казахской грубошерстной пород в ТОО «Ақжар Өндіріс»

Показатель	Горно-алтайская	Казахская грубошерстная
Случено, голов	1447	147
Окозлилось, козوماتок, гол	1421	145

Оплодотворяемость, %	98,2	98,6
Получено козлят, гол.	1890	200
Плодовитость, %	133,0	138,0

По результатам случки оплодотворяемость козوماتок обеих пород была довольно высокая от 98,2 до 98,6 %, по данному показателю закономерных межпородных различий не установлено. В результате козления получено 1890 голов козлят по горно-алтайской породе и 200 козлят от козوماتок казахской грубошерстной породы, при этом плодовитость их в разрезе пород составила от 133,0 до 138,0 %. Более высокой плодовитостью на 100 козوماتок обладали казахские грубошерстные и больше чем у горно-алтайской породы на 5,0 %.

Одним из важных показателей при изучении биологических признаков сельскохозяйственных животных характеризующий их приспособительные качества к тем или иным условиям содержания, наряду с плодовитостью является сохранность молодняка за определенный промежуток времени, который представлен в таблице 2 [4, с. 81–82].

Таблица 2 – Сохранность козочек от рождения до годовичного возраста

Порода	Получено козочек при рождении, гол	Отбито козочек от маток в 4 мес. гол	Наличие в возрасте 1 года гол	Сохранность потомства, %		
				от рождения до отбивки	от отбивки до года	от рождения до года
Горно-алтайская	1002	973	924	97,1	87,3	92,2
Казахская грубошерстная	102	100	97	98,4	92,1	95,3

Козочки казахской грубошерстной породы во все периоды роста и развития обладали лучшей сохранностью, чем горно-алтайской породы. Так разница от рождения до отбивки составила 1,3 %, от отбивки до года – 4,8 % и от рождения до года – 3,1 %. Такое превосходство по сохранности казахских грубошерстных козочек над сверстницами горно-алтайской породы, скорее всего, объясняется их более лучшей приспособленность к условиям данного хозяйства [5, с. 81–82].

Таким образом по результатам наших исследований следует отметить, что оплодотворяемость и плодовитость изучаемых

козоматок соответствует общепородным средним показателям для обеих пород.

ЛИТЕРАТУРА:

- 1 Мишарёв С. С. Козоводство : учебник / С. С. Мишарёв. – М. : Сельхозиздат, 1963. – 199 с.
- 2 Берзинь И. А. Козоводство : учебник / И. А. Берзинь. – Свердловск : Государственное издательство, 1946. – С 69.
- 3 Зеленский Г. Г. Козоводство : учебник / Г. Г. Зеленский. – М. : Колос, 1971. – 168 с.
- 4 Коцарева В. Е. Перспективы развития козоводства / В. Е. Коцарева // Знание. – 1990. – №1. – С. 31-33.
- 5 Асанбаев Т. Ш., Жунусова А. К., Темиржанова А. А. Влияние скрещивания на продуктивность казахской породы коз местной популяции в условиях ТОО Агрофирма «Ақжар Өндіріс». / Т. Ш. Асанбаев, А. К. Жунусова, А. А. Темиржанова // Материалы международной научной конференции молодых ученых, магистрантов, студентов и школьников «XVII Сатпаевские чтения» - том 21. – 2017. С. 262–265.

ШЕРХАН ШҚ-ҒЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТЫН АҚБАС ТҰҚЫМ ТӨЛДЕРІНІҢ БҰЗАУЛАУ МЕРЗІМІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ӨСУІ ЖӘНЕ ДАМУЫ

КЕМЕЛЬБАЕВ А. Т.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

КЕНЖЕХАНОВ Е. А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

АБЕЛЬДИНОВ Р. Б.

доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Фермерлік шаруашылықтардың қалыптасуы және дамуы әлеуметтік, ұйымдастырушылық – экономикалық, табиғи, технологиялық және басқада факторлардың өзара әрекеттесуінде болатын объективті үдерісті білдіреді. Фермерлік шаруашылықтардың дамуы және қалыптасу мәселесі аграрлық экономиканың күрделі мәселелерінің қатарына жатады. Осы мәселені жетістікпен шешуде өсіріліп отырылған жануарлар тұқымдарының генетикалық қорларын тиімді қолданудың әдістерін әзірлеу өте маңызды.

Мұның өзінде Қазақстанның солтүстік-шығысы жағдайында етті малшаруашылығының басымдылығы, шығыны аз технологияны пайдаланып сапасы жоғары, экологиялық таза сиыр етін өндіруге үлкен мүмкіндіктер туғызатын табиғи жайылымдардың кең ауқымдылығымен шарттасқан.

Табиғи жайылымдарды тиімді пайдалану болашақта елдің экономикасында экспортқа шығарылатын маңызды баптардың бірі болуы мүмкін, арзан, экологиялық таза және биологиялық жоғары сапалы сиыр етін алуды қамтамасыз етеді.

Қазақстанның солтүстік-шығысында диқаншылықпен қатар далалық мал азығы өндірісі жақсы дамыған. Өзен, көл алқаптарында шабындық жерлер жеткілікті. Бұл аймақтың етті тұқымды өнімділік малдарының 50% дейінгі мөлшерін осы жерлерге шоғырландыруға мүмкіндік береді, ол сапасы жоғары сиыр етін өндіруге оңтайлы жағдай жасайды. Сондықтанда аграрлық кешеннің басым міндеттерінің бірі болып осы аймақта етті малшаруашылығын дамыту енеді, ол ғылыми негізде және бағалы генетикалық қорларды тәжірибе жүзінде жүзеге асыруға негізделген.

Сиыр етін өндіруді жоғарлату ірі кара мал төлдерін өсіру және бордақылауды дәйекті екпінді жүргізгенде, елдің түрлі аймақтарының тиісті жағдайында азықтандыру және күтіп-ұстау технологиясын жетілдіру арқылы қол жеткізуге болады.

Осыған байланысты біз біздің облыстың фермерлік шаруашылықтарының жағдайында бұзаулау кезеңіне байланысты қазақи ақбас тұқым малдарының өсуін және дамуын зерттедік.

Етті малшаруашылығының маңызды мақсатты болып, азықтандырылуы, күтіп-ұстау жағдайын жақсарту, асылдандыру жұмыстарын жетілдірумен қатар бұзауларды өсіру шаруашылықтарға ең жоғары өнім алуды және тірі салмақтың өсуінің өзіндік шығынын төмендетуді қамтамасыз ететін кезеңде бұзауларды алу енеді. Сондықтанда өсу кезеңдерде бұзаулардың өсу және дамуына ерекше назар аударылады, себебі саланың зоотехниялық және экономикалық көрсеткіштері соған байланысты.

Тәжірибелік жануарлардың тірі салмақтарының өзгеруін туған кезде және кезеңдер бойынша тірі салмақтарын өлшеу жолымен анықтайды.

Кесте 1 – Бұқашықтардың тірі салмақтарының өзгеруінің динамикасы, кг

Жасы, кг	Топтар					
	I –топ			II –топ		
	M±m	Cv	δ	M±m	Cv	δ
Жана туғанда	25,3±0,01	0,1	0,01	26,3±0,1	0,5	0,1
8	182,3±0,8	0,6	1,1	186,1±0,9	0,7	1,3
12	260,2±1,0	0,5	1,3	270,0±1,6	0,8	2,3
15	335,9±0,8	0,3	1,1	347,7±0,6	0,2	0,8
18	411,1±1,3	0,4	1,8	427,0±1,2	0,4	1,7

Кестеден, I-топтың жаңа туған бұқашықтары орташа есеппен 25,3±0,3 кг, II-топтың бұқашықтары 26,3±0,1 кг болғандығы көрініп тұр. Яғни әр түрлі топ бұқашықтарының тірі салмақтары арасындағы айырмашылық 0,9 кг-ды құраған. I-топ бұқашықтары 8 айлық жастарында 182,3±0,8 кг, екінші топтың бұқашықтары 189,1±0,9 кг салмақта болған. Нәтижесінде II-топтың бұқашықтары бірінші топпен салыстырғанда 3,8 кг-ға артық салмақта болған. 12 айлық жастарында жануарлар келесідей көрсеткіштерге жеткен: орташа есеппен I-топта 260,2±1,0 кг, ал екінші топта 270,0±1,6 кг.

Осылайша I және II топтардың бір жылдық бұқашықтары арасындағы айырмашылық 9,8 кг-ға дейін өскен. 15 айлық жастарында бірінші топтың жануарлары орташа есеппен 335,9±0,8 кг, ал екінші топтың жануарлары 347,7±0,6 кг. болған. Осы жаста сол жағдай сақталған: II-топтың бұқашықтары бірінші топпен салыстырғанда 11,8 кг-ға артық салмақта болған. 18 айлық жастарында бірінші топтың өкілдері орташа есеппен 411,1±1,3 кг, ал екінші топта 427,0±1,2 кг болған. Екі топтың да бұқашықтарының өсу және дамуларының бұрын байқалған динамикасы осы жасқа қарай сақталған: көктемде туған жануарлар, қыста туған жануарлармен салыстырғанда берілген жаста орташа есеппен 16кг-ға артық салмақта болған.

Эспериментальдық жұмысты бұқашықтармен қатар жұмысқа қашарлар да қатысты. Бірінші топты қыс кезінде туған қашарлар, ал екінші топты көктем кезінде туған қашарлар құраған.

Етті малшаруашылығында қашарларды өсіру табынды жаңарту үшін ғана қажет. В. Б. Бай атап өткендей етті өндіру үшін қазақи ақбас тұқымның қашарларын өсірген дұрыс. Сол жастағы бұқашықтармен салыстырғанда олардың тірі салмақтарының кем

болатындығына қарамастан, олар сиыр етін өндіруге жарайды. Яғни біздің қолданып отырған екпінді технологиямызда қашарлар жайып және семірілгеннен кейін, табынды жөндеуге қалдырылғандардан басқа қашарлар етке тапсырылады.

Қашарлардың тірі салмақтарының өзгеру динамикасын 2-кестенің мәліметтері бойынша байқауға болады.

Кесте 2 – Қашарлардың тірі салмақтарының өзгеруінің динамикасы, кг

Жасы, кг	Топтар					
	I –топ			II –топ		
	M±m	Cv	δ	M±m	Cv	δ
Жана туғанда	25,5±0,4	2,2	0,6	25,3±0,2	1,1	0,3
8	168,0±1,6	1,3	2,2	171,3±1,4	1,2	2,0
12	245,5±0,7	0,4	1,0	248,4±0,9	0,5	1,2
15	309,7±0,9	0,4	1,3	314,1±1,7	0,8	2,4
18	363,6±0,6	0,2	0,8	370,2±0,3	0,1	0,4

I-топтың жаңа туған қашарлары орташа есеппен 25,2±0,4 кг, ал екінші топтың қашарлары 25,3±0,2 кг болған, осылайша осы жастағы айырмашылық елеусіз ғана және ол 0,2 кг-ды құраған.

Сегіз айлық жастарында бірінші топтың қашарлары 168,0±1,6 кг, ал екінші топтың қашарлары 171,3±1,4 кг салмақты құраған. Осы жаста тірі салмақ бойынша айырмашылық екінші топтың қашарларының пайдасына шешіліп 3,3 кг-ды құраған.

I-топтың он екі айлық қашарлары орташа есеппен 245,5±0,7 кг, ал екінші топтың қашарлары 248,4±0,9 кг болған. Осылайша осы жас кезінде топтар арасындағы айырмашылық, II топ қашарларының пайдасына шешіліп 2,9 кг-ды құраған.

Он бес айлық жастарында қыста туған қашарлар 309,7±0,9 кг, II топ 314,1±1,7 кг салмаққа жеткен. Осы жаста тірі салмақ бойынша айырмашылық 4,4 кг-ға дейін өскен.

Он сегіз айлықтарында бірінші топтың қашарлары орташа есеппен 363,6±0,6 кг, екінші топ 370,2±0,3 кг болған. Осылайша бірінші топтың қашарларымен салыстырғанда екінші топтың қашарлары орташа есеппен 6,6 кг-ға артық салмақта болған.

Кесте 3 – Бұқашықтардың абсолютті өсімі, кг

Жасы, ай	Топтар					
	I –топ			II-топ		
	M±m	Cv	δ	M±m	Cv	δ
0-8	156,9±0,8	0,7	1,1	159,7±1,1	1,0	1,6
8-12	77,9±1,7	3,1	2,4	83,9±0,7	1,2	1,0
12-15	75,4±1,3	2,4	1,8	77,8±1,0	1,7	1,3
12-18	151,4±1,2	1,1	1,7	157,3±0,5	0,4	0,6
0-18	385,6±1,3	0,5	1,8	400,6±1,3	0,4	1,8

8 айлық жасқа толғанда бұқашықтардың абсолютті өсімі бірінші топта 156,9±0,8 кг-ға, екінші топта 159,7±1,1кг-ға тең болған, көріп отырғанымыздай осы жастағы айырмашылық 2,8 кг-ды құраған.

8 айдан 12 айға дейінгі жаста бірінші топтың бұқашықтарының абсолютті өсімі 77,9±1,7 кг, ал екінші топта 83,9±0,7 кг-ды құраған, ол оның бірінші топпен салыстырғанда 6 кг-артық болғандығын көрсетеді.

12 айдан 15 айға дейінгі жаста бірінші топтың бұқашықтарының абсолютті өсімі 75,4±1,3 кг-ға, ал екінші топтың бұқашықтарының абсолютті өсімі 77,8±1,0 кг-ға жеткендігін көреміз. Айырмашылық екінші топтың пайдасына шешіліп, 2,4 кг-ды құраған.

12 айдан 18 айға дейінгі жаста бірінші топтағы бұқашықтардың абсолютті өсімі 151,4±1,2 кг-ға, екінші топтың өсімі 157,3±0,5 кг-ға жеткен. Осылайша айырмашылық 5,9 кг-ды құраған.

3 Кестенің талдауы бірінші топтың бұқашықтарының туғаннан 18 айлық жасына дейінгі абсолютті өсімі 385,6±1,3 кг-ды, ал екінші топта 400,6±1,3 кг-ды құрағандығын көрсетеді. Айырмашылық екінші топ бұқашықтарының пайдасына шешіліп, 15 кг-ды құраған.

Кесте 4 – Тәжірибелік бұқашықтардың орташа тәуліктік өсімінің динамикасы, г

Жасы, ай	Топтар					
	I –топ			II -топ		
	M±m	Cv	δ	M±m	Cv	δ
0-8	654±3,5	0,8	4,9	667±15,4	3,3	21,8
8-12	649±14,0	3,1	19,8	699±6,0	1,2	8,5
12-15	838±15,0	2,5	21,2	864±10,5	1,7	14,8
12-18	842±7,5	1,3	10,6	873±2,5	0,4	3,5
0-18	714±2,5	0,5	3,5	741±2,5	0,5	3,5

Орташа тәуліктік өсім талдауы, туғаннан 8 айға дейінгі жаста бірінші топтың бұқашықтарында зерттеліп отырылған көрсеткіш 654±3,5 г-ды, ал екінші топта 667±15,4г-ды құраған, яғни айырмашылық 13 г-ды құраған.

8 айдан 12 айға дейінгі жас аралығында бірінші топ жануарларының орташа тәуліктік өсімі 649±14,0 г, екінші топта 699±6,0г болған.

Осылайша осы жас аралығында көктемде туған бұқашықтардың орташа тәуліктік өсімі қыста туғандармен салыстырғанда 50 г-ға артық болған.

Келесі жас аралығы 12 айдан 15 айға дейінгі жаста тәуліктік орташа өсімі елеулі түрде өскен: бірінші топ бұқашықтарында 838±15,0 г, екінші топта 864±10,5 г болған, ал айырмашылық 50 г-нан 26 г-ға дейін төмендеген.

15 айдан 18 айға дейінгі жаста орташа тәуліктік өсім бірінші топта 842±7,5 г, екінші топта 873,5±2,5 г-ды құраған, ол бірінші топпен салыстырғанда 31 г-ға артық.

Осылайша көктем кезінде туған бұқашықтар 741±2,5 г өсуінің барлық кезеңдерінде қыста туған бұқашықтармен 714±2,5 г салыстырғанда жоғары өсім көрсеткен.

Жоғарыда айтылған экспериментальдық мәліметтердің талдауы бойынша «Шерхан» ШҚ жағдайында көктемде туған бұқашықтар және қашарлар қыста туған бұқашықтармен және қашарлармен салыстырғанда бірдей жағдайда азықтандырып және күтіп-ұстағанда тірі салмақты жылдам жинайтындығы анықталды.

Қазақстанның солтүстік-шығысында жануарлардың жылдам жетілгіштілігі малды өсіру кезіндегі маңызды белгі. Шаруашылықтардың жануарларды ұзақ уақыт азықтандыруға және күтіп – ұстауға мүмкіндіктері жоқ. Малды өсірудің барлық технологиялық кезеңін максимальды үнемдеу жүйесіне келтіру керек. Біздің пікірімізше оған бірінші кезекте көктем айларында жаппай бұзаулатуды жоспарлау жолымен қол жеткізуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Рузкий С. Ф. Племенное дело в скотоводстве: ученик / С. Ф. Рузкий, изд 2е, перераб. И доп. – М.: Колос, 1977. – С. 72.
- 2 Арзуманян Е. А. Скотоводство: ученик / Е. А. Арзумян, А. П. Бегуче в, 3е изд., перераб. И доп. – М.: Колос, 1984. – С. 77.
- 3 Изилов Ю. С. Практикум по скотоводству: ученик / Ю. С. Изилов, 2е изд., перераб. и доп. –М: Агропромиздат, 1988. – С. 190.

4 Бегучев А. П. Скотоводство: ученик / А. П. Бегучев – М.: Колос, 1984. С. 54.

5 Алимжанова Л. В. Буду зоотехником: ученик / Л. В. Алимжанова, – Алма-Ата: Қайнар, 1985. – С. 105.

6 Дурасов А. М. Почвы Казахстана: ученик / А. М. Дурасов – Алма-Ата: Қайнар, 1981. – С. 65.

СИЫРДЫҢ СҮТ ӨНІМДІЛІГІНІҢ ЖАСЫНА ҚАРАЙ ӨЗГЕРУІ

КӨБЕШ А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

БЕКСЕИТОВ Т. К.

а./ш.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Сиырдың сүттілігіне оның тұқым қуалаушылығы және басқа да бірнеше жағыдайлары әсер етеді. Олардың бастылары: тұқымдық ерекшелігі, азықтандыру мен бағып-күту, сауылған және сауым маусымы, жасы, бұқаға қосқандағы немесе алғаш ұрықтандырылғандағы жасы, салмағы, сауу тәсілі және тағы басқалар.

Сиырдың сүт беру өнімділігі мөлшермен кең түрде 1000 кг-нан 25000 кг және одан да жоғары болады. Сиырдың сүт өнімділігі және сүттің құрамы көптеген ықпалдарға байланысты: жасы және физиологиялық жағдайы, азықтануы мен күтілуі, жыл мезгілі т.б.

Ірі қара тұқымының ішінде сүтті көп беретін сүттілігі мол және сүтінің құрамының майлылығымен өте жақсы сүт өнімін жоғары ет сапасымен сәйкестендіретін сүт-ет бағытындағы сиырлар бар. 1-ші топқа жататындар: голштин қара ала, швиц қара ала және басқа да фриз тұқымынан шыққандар жатады. 2-і топқа: джерсей және гернсей; ал 3-і топқа: красnodат, англер және айршир тұқымдарынан шыққандар жатады [35, б. 39].

Сүт өніміне бірден-бір ықпал ететін әсерлердің бірі малдың жасы. Бүкіл организмнің жалпы дамуы мен өсуіне байланысты, әсіресе сүт безі өсе түседі. Сүт өнімділігі жас ерекшелігінің жалпы заңдылығына байланысты, сауылған сүт белгілі-бір денгейге дейін біркелкі өседі, сонан кейін ақырындап азая береді. Біздің елімізде өсірілетін сиыр тұқымының максималды сауылым сүт түзілуінің 4–6 айлығында (лактацияда) байқалады. 1-ші сүт түзілуден максималды (ең жоғарғы) сауылым сүтке дейінгі өнімділік

мөлшермен 40–50 %-ке өседі. Сауылған сүттің жас ерекшелік өзгерісі малдың тұқымының ерекшелігіне, оның азықтануына, күтіп-бағылуына және т.б. байланысты. Сонымен, мысалы В. Ф. Красота және т.б. көрсеткендері бойынша қара ала тұқымына жататын сиырларды жеткілікті азықтандырса, жоғары сауылым сүт VII-сүт түзілуіне сәйкес келеді. Бірінші төлдеген құнажыннан шыққан сауылым сүт 60–65% көлемін құрайды. Жақсы күтім жағдайында максималды сауылым сүт V-ші сүт түзілуінде алынған, бұл үшін бірінші төлдеген құнажын сүтінің көрсеткіші 75–77 % құраған. Сиырдың сүт өнімділігіне жас ерекшелік өзгергіштігінің заңдылығын оқып үйрену, әр тұқымға малдың өнімділігі және кластың асыл тұқымдық бағалылығына бонитировкалық балл беруіне сәйкес стандартты тағайындауға мүмкіндік береді. Әр жастағы сиырлардың беретін сүт өнімділін салыстырғанда да қолданылатын түзейтін коэффициенттер ойластырылып шығарылған. Мысалы: алғаш төлдеген құнажынның сауылған сүтін жетілген сиырдың өніміне жеткізу үшін, оның сауылым сүтінің көлемін 1,33 коэффициентіне, ал екінші төлдеген сиырдың көрсеткішін 1,11 коэффициентіне көбейту керек. Жеке малдардың жас ерекшелік өзгергіштігіндегі сауын сүті олардың жас ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі көлемде болады [426, б. 428].

Көптеген себептердің тағы бірі, жасы ұлғая келе сүт қалыптастырғыш негізгі мүше желіннің көлемінің ұлғаятындығы.

Т. К. Бексейітовтың мәліметтері бойынша қырдың қызыл тұқым сиырларының жасы ұлғая келе олардың сүт өнімділігі де артады екен, әрине осыған сәйкес олардың желіндерінің көлемі де ұлғаяды. Бірінші рет сауылатын сиырлармен салыстырғанда сақа сиырлардың желінің көлемі сауынға дейін 3,7 %-ке артық болған, сауыннан кейін 2,6 %-ке артық болған, осыған сәйкес желіннің ұзындығы 8,1 % және 9,5 %, желіннің ені 6,8 % және 5,9 %, желіннің терендігі 16,0 % және 26,7 % болған. Толық жастағы сиырлардың желіндерінің тартылуы 12,4 %, ал бірінші сауылып отырған сиырларда 11,4 % болған.

Тайыншаны алғаш ұрықтандыру жасы. Сиырдың тірі салмағы оның жасымен тығыз байланысты. Өте ерте ұрықтандыруға қосу сиырдың беретін сүт өніміне қолайсыз әсер етеді, оның өсуін тежейді. Алғаш ұрықтандыруға кеш қосу сауын сүтке болымсыз әсер етеді. Бірақ та алғаш ұрықтандыруды кеш болдырғандықтан, экономикалық жағынан қолайсыз, оларды өсіруге кететін еңбек шығындары, құралдары, азықтар көп болады. Кеш ұрықтандырылған

сыырлар өмір сүру аралығында төлді аз беретіндіктен, сүтті де аз береді. Алғашқы ұрықтандыру уақыты бірқатар жағдайларда байланысты, ол негізінен малдардың тұқымдық және өзіндік ерекшеліктеріне, азықтандыру, күтілу және т.б. жағдайларға байланысты. Тайыншаларды ересек сиыр массасының 65–70 %-і не жеткенде ұрықтандыру қабылданған. В. Ф. Красота және т.б. (1990) тайыншаның жетілуі табынды жөндеу үшін іріктеп алынған 4000 кг сүт алу үшін, олардың тірі салмағы 18 айда 350 кг-нан кем болмау керек және тірі салмағы 400 кг 305 күнгі сауылым ішінде сауылған сүттің 3000 кг-ды құрайды. Тайыншаны жеделдетіп мақсатты түрде өсіргенде, малдың дұрыс дамуы, оның алғашқы төлдеуіне, оның тірі салмағының қалыпты болуын естен шығармау керек [617, б. 620].

Буаздылық. Сиырдың сүт өніміне сиырдың желініндегі сүт безінің секреттік жұмысының әсері тиеді. Оның өсуі, дамуы қалыптасуы барлық сүт қоректілердегі сияқты олардың буаздылығы мен төлдеу процесіне байланысты. Мұндағы байланыс әртүрлі эндокриндік бездердің қызметіне байланысты (әсіресе гипофиз, жұмыртқа безі) болатын гуморальдік негізге сүйенеді.

Сүт безінің өсуі мен жетілуі кезеңінде оның қызмет жасайтын ұлпасы - альвеолярлық жүйе дами бастайды. Буаздылық өтіп жатқан кезде сары дененің гормоны жинақтала беретіндіктен, суалған кезеңде желіннің бездік ұлпаларының белсенділігі қалпына келеді. Буаздылық кезеңінде пайда болатын сары дене 5-ай буаздылық кезінде алғашқысында сауын сүттің елеусіз азаюына әсер етеді. Жақсы күтім мен азықтандыру кезінде суалған сиырда сауылым сүт аз мөлшерде өзгереді. Малдың төлдегеннен кейінгі оларды ұрықтандыруға дейінгі уақыт аралығын сервистік кезең деп атайды. Неғұрлым сервис кезеңі қысқа болса, соншалықты (260–270 күн) сауылым мерзімі ұзақтығы да қысқа болады және керісінше. Сервистік кезең ұзарса сауын кезінде сауылым сүт 305 күнге ұлғаятындығы анықталған. Басқадай жай тең жағдайларда олар 50–70 күн ұзақтығына қарағанда, сервистік кезеңде 120–150 күнге үлкен болады. Сервистік - кезеңдердің шектен тыс ұзақтылығы сиырлардың айналымдық сауынын бір қатар жылға азайтып қана қоймады, сонымен бірге табынның келесі жылғы сүт өнімділігін елеулі төмендетеді және сонымен қатар төлдің дұрыс алынбауына да әкеледі [176, б. 179].

Тауарлық шаруашылықтарда сиырларды бұзаулағаннан кейін жыныстық кезеңнің екінші циклінен, асыл тұқымды шаруашылықтарда үшінші циклден кешіктірмей ұрықтандыру ұсынылады.

Суалу кезеңінің ұзақтылығы. Осы кезеңдерде жануарлар сауын маусымынан келесі кезеңіне дайындала бастайды: желіннің бездік аппаратының жанартылуы және дамуы және жануардың денесінде ұрықтың аналықтың жатырында жақсы дамуына әсер ететін қоректік, минералдық заттардың қорының қалыптасуы жүреді. Суалу кезеңінің жақсы өткізілуі сиырлардың бұзаулағаннан кейін өнім беруін жоғарлатады деген мәліметтер де бар.

Суалу кезеңінің 60–70 күнге созылуы қалыпты деп есептелінеді. Суалу кезеңінің ұзаққа созуды жас және өнімділігі жоғары сиырларға қолдану керек. Суалу кезеңін қосымша сүт өнімін алу үшін қысқарту, көбіне келеңсіз жағдайлар тудырады [189, б. 192].

Бұзаулау кезеңі. Бұл ең бастысы сүтті жануарды сауын маусымында қоректендіру және күту жағдайына, климатына байланысты. Неғұрлым қолайлысы қысқы-көктемгі бұзаулаулар, сонымен қатар күзгі-қысқылар, жазғылар өте мардымсыз болады. Көктемгі-жазғы бұзауларда сиырлар көлемі бойынша тәулікті және айлық жоғары сауын береді, бірақ ондағы лактациялық қисықтық неғұрлым күрт ауытқып тұрады. Сондықтанда осындай кезеңдерде бұзаулауда сүт сауыны, күзгі-қысқы кезеңмен салыстырғанда төмен болады.

Ірі сүт кешендерінде қалыпты бұзаулауда және жыл бойы тұрақты деңгейде қоректендіруде жыл мезгілінің сиырлардың сүт өнімділігіне әсер етуі төмен болады [35, б. 42].

Мақаланы жазу барысында Павлодар обылысы, Шарбақты ауданы, Орловка ауылындағы «Победа» ЖШС-ында қырдың қызыл сиыры тұқымдарының сүт өнімділігіне талдау жасалынды.

«Победа» ЖШС-да 800 сауын сиырлар ұстайды. Олардың ішінде қырдың қызыл сиыры, голштин және симментал тұқымдары. Қазіргі уақытта шаруашылықта 440 қырдың қызыл сиыры бар, олардың ішінде 400 басының лактациясы жалғасуда. Бірінші кестеде сиырлардың сүт өнімділігінің лактацияға байланысты қаншалықты өзгергені көрсетілген.

Кесте 1– Қырдың қызыл сиырының сүт өнімділігі

Көрсеткіштер	Лактация			Орта есеппен
	1	2	3	
Сиыр басының саны	84	172	311	359
305 күндегі сүт сауылымы	5312±213,5	6057±156,6	6380±233,8	6013±193,7

Сүт майының мөлшері, %	4,2±0,02	4,0±0,01	3,9±0,02	4,03±0,02
Сүт белогінің мөлшері, %	3,02±0,002	3,09±0,003	3,07±0,001	3,26±0,04
Сүт майының мөлшері, кг	199,5±4,49	225,9±3,89	234,9±3,24	223,1±4,21
Сүт белогінің мөлшері, кг	160,4±2,43	187,1±1,56	195,8±2,01	184,0±1,78
Сүттілік коэффициенті	1108±98,13	1199±41,67	1170±65,78	1156±75,35

Кестеде берілген мәліметтерде көрсетілгендей, сиырлардың жасы артқан сайын сүт өнімділігі жоғарлауда. Сақа сиырларда ол 1068 немесе 16,74 пайыз көрсеткіште. Қырдың қызыл сиырының сүт өнімділігі артқан сайын, олардың майлылығы төмендеуде.

Кесте 2 – Сиырдың сүт өнімділігінің болжамы

Көрсеткіштер	Лактация					
	1		2		3	
	Берілгені	Болжам	Берілгені	Болжам	Берілгені	Болжам
Лактациядағы сүт сауылымы	5312	7063	6057	6723	6380	6380
Сүт майының мөлшері, %	4,2±0,02	4,0±0,01	3,9±0,02	4,03±0,02	4,2±0,02	4,0±0,01
Сүт белогінің мөлшері, %	3,02	3,02	3,09	3,09	3,07	3,07
Сүт майының мөлшері, кг	199,5	265,6	225,9	250,8	234,9	234,9
Сүт белогінің мөлшері, кг	160,4	213,3	187,1	207,7	195,8	195,8

Кестеде көрсетілгендей, аталмыш шаруашылық асылдандыру жұмыстарымен тыңлықты түрде жұмыс жасауда. Сиырлардың асылдандыру жұмыстары жыл сайын жақсаруда, ал олардың сүт өнімділігі жоғарлауда. Егер жас малдардың сүт өнімділігін бірінші және екінші лактацияда толық лактацияға әкелсе, онда с,т сауылымы жылына 666 кг (екінші лактациядан үшінші лактацияға) және 340 кг (бірінші лактациядан үшінші лактацияға дейін) болжам бойынша артады.

Қорытындылай келе, «Победа» ЖШС-де қырдың қызыл сиырларының, сүт өнімділігіне жасалынған зерттеулердің он нәтиже бергендігін көрсетеді. Яғни шаруашылық асылдандыру жұмыстарымен оңтайлы жұмыс атқаруда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Неверова О. П., Донник И. М., Горелик О. В., Кощаев А. Г. Морфологический состав мышечной массы при использовании природных энтеросорбентов : Аграрный вестник Урала, 2015. – 35–39 с.

2 Горелик В. С., Горелик О. В., Ребезов М. Б. Молочная продуктивность коров при применении сукцинатхи-тозана : Молодой ученый. 2016. – 426–428 с.

3 Ребезов М. Б., Горелик В. С., Горелик О. В., Горелик А. С. Состояние потребительского рынка молока : Молодой ученый. 2016. – 617–620 с.

4 Донник И. М., Неверова О. П., Горелик О. В. Повышение качества молочных продуктов при использовании природных кормовых добавок : Труды Кубанского государственного аграрного университета. 2015. – 176–179 с.

5 Донник И. М., Неверова О. П., Горелик О. В. Влияние природных энтеросорбентов на молочную продуктивность коров : Труды Кубанского государственного аграрного университета. 2015. – 189–192 с.

6 Солдатов А. П., Табаков Л. П., Технология производства молока и говядины : Колос, 1995. – 35–42 с.

ПОБЕДА ЖШС-ДЕГІ ДОНОР СИЫРЛАРДАН АЛЫНҒАН ЭМБРИОНДАРДЫҢ ДАМУ САПАСЫН БАҒАЛАУ

АТЕЙХАН Б.

PhD докторант, С. Сейфуллин атындағы

Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.

СЕЙТЕУОВ Т. Қ.

PhD доктор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЖАКСЫБАЙ О.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Заман мен уақыт ірі қара малды тез арада сапаландыруды, өнімін молайтуды, сүт пен ет өнімдерін шет елдік тәуелділіктен шапшаңырақ құтылтуды міндеттеуде. Ғылымның соңғы ең әлеуетті жетістігі саналатын-ұрық көшіріп отырғызу биотехнологиясы осы міндетті аз қаржы жұмсап, табысты орындауға дәрменді деп есептелінеді [1, 2].

Ең әуелі, бұл биотехнологияның артықшылығы мен маңыздылығы туралы аз сөз қозғайық. Егер асыл тұқымды бұқаның

шәуәтімен аймағымыздың барлық сиыр, құнажындарын қолдан ұрықтандырсақ, олардың төлдері түгелдей әкесіне тартқан мол өнімді, сапалы мал болмайтыны баршаға мәлім. Төлдің сапасы мен өніміне ата мал ғана емес ана мал да шешуші ықпал етеді. Осыдан болып қолдан ұрықтандыру арқылы туылған төлдің 30–33 пайыздайының ғана өнімділігі, нәсілдік, тұқымдық қасиеттері әкесі мен енесінікінен артады. Қалғандарының сүттілігі мен еттілігі өзгермейді, кейде төмендеп кететін жағдай да кездеседі. Демек, қолдан ұрықтандыру мүйізді ірі қараның сапасын біртіндеп көтеру арқылы белгілі уақыттан кейін диктеген мақсатқа жеткізетін, тек бұқаның ғана артықшылықтары кәдеге жарайтын бір жақты тәсіл. Қолдан ұрықтандырғанда өнімді сиырдың жақсы қасиеттері мүйізді ірі қара малды сұрыптап өсіруге толықтай пайдаланылмайды. Сиыр 6–8 бұзауды дүниге әкелумен оның өмірі аяқталады. Сондықтан құнды бұқа мен өнімді сиырдың нәсілдік, тұқымдық барлық жақсы қасиеттерін бойына дарытқан ондаған, жүздеген бұзау шығарып алуға ұрықты көшіріп отырғызу биотехнологиясы ғана қауқарлы [3].

Өнімі мол, төлі сапалы ата мал мен ана малдан жаралған ұрықтарды қатардағы қарапайым аналықтардың жатырына көшіріп отырғызу арқылы нәсілділігі мен өнімділігі жақсы төлдің санын көбейтуді ұрық көшіріп отырғызу биотехнологиясы дейді. Бұл биотехнологияны қолданғанда аталық пен аналық жыныс жасушаларының бірігуінен түзілген зәуәт-ұрық қолданылады. Яғни, шәуәт емес, төл болып дамуға дайын, жаңа ағза.

Эмбрионның функционалдық күйін микроскопиялық бақылау кезінде сыртқы белгілері арқылы анықтауға болады. Микрообъектілерді бұл әдіспен бағалау эмбриондарды трансплантациялаудың тәжірибелік әдістерінің дамуынан кейін сұранысқа ие болды. Эмбриондарды трансплантациялау әдісінің экономикалық мақсаты алынған эмбриондардың сапасына, морфологиялық ерекшелігіне, өндірістік құндылығына байланысты [4].

Ұрық көшіріп отырғызу биотехнологиясының нәтижесі қолданылатын эмбрионның сапасы мен санына тәуелді. Сондықтан Победа ЖШС-де өсірілетін симментал тұқымды сиырдан қанша эмбрион алуға болатынын және олардың көшіріп отырғызуға жарамдылығын бағалау осы ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты болып табылады.

Зерттеу материалдары мен нәтижелері. Ғылыми зерттеу жұмысы Павлодар облысы Шарбақты ауданы «Победа» ЖШС-де өсірілетін симментал тұқымды сиырларда жүргізілді. Зерттеуге

бұзаулағаннан кейін алғашқы жыныстық айналымы 30 тәуліктің ішінде білінген, келесісі қалыпты өткен, дені сау, семіздік күйі ортадан жоғары, 4–8 жас аралықтағы 4 сауын сиыры тандалып алынды.

Тәжірибеге тандалған мүйізді ірі қара малдар шаруашылықта ұстанылатын рацион бойынша азықтандырылды. Бір сиырға тәулігіне 30 кг сүрлем, 10 кг шөп, 1–2 кг қоспа жем (фураж), тұз берілді.

Бұзаулағаннан кейін екінші жыныстық айналымның 11 тәулігінен бастап, 4 тәулік бойы фоллитропин (Pluset) гормонын бұлшық етке егу арқылы тәжірибе сиырларына суперовуляция жүргізіледі. Қос жұмыртқалықта пайда болған фолликулалардан жұмыртқа жасушаларын бір уақытта түгелдей бөліп шығару үшін соңғы екі екпеге простагландин (магэстрофан) дәрісі қоса қолданылды.

Тәжірибе сиырлары күйіт белгілері білінгеннен кейін 8–10 сағаттан соң алғаш рет, 10–14 сағаттан соң екінші рет 2 мәрте қолдан ұрықтандырылды. Ұрықтандырылғаннан кейін 7 тәулік өткен соң сиырлардың жатырын Нойштадт Айш моделінде жасалған баллонды катетер (Фолли) арқылы эмбриондар шайылып алынды. Ол үшін Дюлбекконың буфер-фосфат тұз ерітіндісі қолданылды. Жатырдың бір мүйізі 5–6 қайта, барлығы 250–300 мл Дюлбекко ертіндісімен шайылды. Жатыр тармақтарынан шыққан шайындыны силикон шөлмекке тосып алынды.

«Победа» ЖШС жағдайында өсірілетін, суперовуляция түзілген 4 қанымдаушы (донор) сиырдың жатыры шайылып, барлығы 40 эмбрион алынды (кесте 1). Бұл бір қанымдаушы сиыр орта есеппен 10 эмбрион бергенін көрсетеді. Қанымдаушы аналықтан алынған эмбрионның жалпы саны 0–17 арасында ауытқиды. Жатырдан алған барлық эмбрионның 50 пайызы көшіріп қондыруға және мұздатып сақтауға жарамды. Дейтұрғанмен, эмбрионның 50 пайызы дегенерацияға ұшыраған және ұрықтанбаған қолданысқа жарамсыз эмбриондарды құраған. Шайып алынған эмбриондардың сапасы мен саны төмендегі кестеде берілген.

Кесте 1 – Жатырдан шайып алған эмбриондардың саны және сапасы

Рет саны	Донорлардың номері	Алынған эмбриондардың саны		Эмбриондардың сапасы			
		Барлығы		Жарамды		Жарамсыз	
		n	%	n	%	n	%
1	KZS178779002	14	100,0	12	85,7	2	14,3

2	KZS17877715	17	100,0	3	17,6	14	82,3
3	KZS178780636	–	–	–	–	–	–
4	KZS178780424	9	100,0	5	55,5	4	44,5
Барлығы		40	100,0	20	50,0	20	50,0

Біздің зерттеуімізден байқалған тағы бір ерекшелік қолдан ұрықтандыру арқылы 8 донор сиырынан барлығы 40 эмбрион алынды. Орта есеппен бір сиырдан 10 эмбрион алуға болатыны анықталды. Әр аналықтан алынған эмбриондардың саны әртүрлі деңгейде болды. Мысалы, KZS17877715 номерлі донор сиырдан ең көп (17) эмбрион, ал KZS178780636 номерлі сиырдан ешқандай эмбрион алынбаған. Бұдан қарағанда гормонның донор организмне әсер етуі әртүрлі екенін аңғартады. Әр сиырдан алынған эмбриондардың даму сатылары әртүрлі дәрежеде кездеседі. Жалпылай алғанда, жарамды эмбриондар үлесі 17,6–85,7 %-дың аралығында, ал жарамсыз эмбриондардың үлесі 14,3–82,3 %-дың аралығында алшақтықты көрсетеді.

Эмбриондарды дамуына қарай дұрыс бағалау эмбрион трансплантациялау биотехнологиясының нәтижесіне үлкен ықпалын тигізеді. Сондықтан біздің зерттеулеріміздің бір бөлігі осы мәселені зерттеуге бағытталды. Донор сиырлардан шайылып алынған эмбриондардың морфологиялық даму сатысы бойынша бағалаған нәтижелер келесі кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Донор сиырларынан алынған эмбриондардың даму сатысы

Донорлардың номері	Эмбриондардың даму сатысы									
	Барлық эмбриондар		ерте морула		нығыз морула		ерте бластоциста		ұрық тоқ. жұм. торшасы	
	n	%	n	%	n	%	n	%	n	%
KZS178779002	14	100	1	7,1	2	14,3	10	71,5	1	7,1
KZS17877715	17	100	7	41,2	3	17,6	-	-	7	41,2
KZS178780636	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
KZS178780424	9	100	1	11,1	2	22,2	3	33,3	3	33,4
Барлығы	40	100	8	20,0	8	20,0	13	32,5	11	27,5

Донор сиырлардан алынған барлық эмбриондардың 20,0 % ерте морула, 20,0 % нығыз морула, 32,5 % ерте бластоциста, ал 27,5 % ұрық тоқтамаған жұмыртқа жасушасы құрайды. Дамудың әр сатысындағы эмбрион саны мен олардың иеленетін үлесі тәжірибе сиырларында біршама айырмашылық тудырады. Мысалы, ерте

моруланың ең төменгі және ең жоғарғы пайыздық айырмашылығы 7,1–41,2 аралығында, нығыз морула 14,3–22,2 аралығында, ерте бластоциста 35,5–71,5 аралығында, ал ұрық тоқтамаған жұмыртқа торшасы 7,1–41,2 аралығында болды.

Салыстырмалы көп эмбрион алынған донорлар мен аз эмбрион алынған сиырларда ерте бластоциста басымырақ дамитыны аңғарылады. Бұдан қарағанда, симментал тұқымды сиырларында көбірек көбіршік түзілу эмбрионның дамуын бәсеңдететін, ал аздау көбіршік жылдамдататын жай аңғарылады. Эмбрион дамуының кешігуі мен жылдамдауы жұмыртқалықта түзілген көбіршіктердің бір уақытта жарылып, аналық жыныс жасушаларының біркелкі азатталмауы салдарынан туындайтын көрініс екені айдан анық.

Осы өткізілген ғылыми-зерттеу жұмыстың нәтижесінен мынандай қорытынды шығаруға болады:

– суперовуляция түзілу арқылы симментал тұқымды 4 донор сиырынан барлығы 40 эмбрион алынды. Орта есеппен бір донордан 10 эмбрион алуға болатыны анықталды;

– барлық алынған эмбриондардың 20,0 % ерте морула, 20,0 % нығыз морула, 32,5 % ерте бластоциста және 27,5 % ұрық тоқтамаған жұмыртқа торшасы сатысынан тұрады. Жалпы алсақ, барлық алынған эмбриондардың 50,0 % трансплантациялауға жарамды, ал 50,0 % жарамсыз екені анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Аятханұлы М., Лейдинг К., Ноонер Х-П. Сиыр ұрығының сапасы және дамуы. ПМУ жаршысы, Химия, биология сериясы, № 4, 2008, Б. 51-64.

2 Әділбеков Н. Трансплантация тәсілімен алынған қаракөл қозыларының сапасы. Ауыл шаруашылық ғылымдар Жаршы № 3, 2004. Б. 16-17.

3 Аятханұлы М., Санжжавын Г. Жануарлардың ұрығын көшіріп отырғызу. – Павлодар-Улаанбаатар, 2012. – 40 б.

4 Атейхан Б., Аятханұлы М., Сейтеуов Т.Қ., Нурбол Ө. Симментал тұқымды донор-сиырлардан алынған эмбриондардың даму сатыларын бағалау. «Инновация – Мал шаруашылығында», Халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция, Павлодар. 2019 жыл. – 54 бет.

СҮТТІ СИЫРЛАРДА ЗАТ АЛМАСУ ПРОЦЕСТЕРІНІҢ БҰЗЫЛУЫ

ОРАЗБАЕВА Б. Н.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ағзадағы зат алмасудың бұзылуы етті тұқымға да, сүтті тұқымға да тән болып келеді. Бұндай құбылыс сүтті сиырларда жиі кездеседі, оған әр түрлі факторлар – азықтандыру, күтіп-бағу, гинекологиялық аурулар және т.б. себеп болады.

Әлемде кең етек алған және шаруашылықтарға зор экономикалық шығын келтіретін жұқпалы емес аурулардың бірі зат алмасу ауруы – кетоз болып саналады. Сүтті сиырлардың кетозы туралы алғашқы ақпарат XIX ғасырдың жартысында таралған. Кейінгі жылдарда бұл аурудың әр түрлі формада, соның ішінде жүйке түрінде тіркелген. Осы ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастап кетонемия, кетонурия және гипогликемия ауруларының сипатты белгілеріне ұқсас, сүтті сиырлардың зат алмасу процесінің бұзылуы туралы хабарлар пайда бола бастады. Кетозға көбінесе жақсы бордақыланған жоғары өнім беретін сиырлар сезімтал келетіні байқалған. Олардың төбетінің болмауы, салмағының төмендеуі мен сүт өнімділігінің төмендеуі, жүйкенің қабыну жағдайлары тіркелген. Кетоздан өлген сиырлардың бауыры әдеттегіден айтарлықтай ұлғайған, сары түсті, кесіндісінде майдың көбейгені байқалады [1].

Көп жағдайда, зат алмасуының бұзылуы, малды дұрыс азықтандырмаудан және күтімі нашар болғанда, ауруларға қарсы тұратын иммунитеті төмендеуі, кейбір мүшелердің және жүйелер қызметінің бұзылуы нәтижесінде туындайды. Зат алмасудың бұзылуымен сипатталатын аурулардың ішінде, сауын сиырлардың кетозы ерекше орын алады.

Кетоз – қанның құрамында кетон денелерінің көбеюіне әкеліп соқтыратын зат және энергия алмасуының бұзылуы. Кетоз мал ағзасынан ұзақ уақыт жұмсалған энергия мөлшері, ағзаға түскен энергиядан жоғары болғанда байқалады. Бұл аурумен бірінші кезекте жаңадан бұзаулаған сиырлар ауырады. Кетоз мал шаруашылықтарына орасан зор экономикалық шығын әкеледі. Аталған экономикалық шығын бағалы және жоғары өнім беретін малдың шаруашылықта пайдалану мерзімі 3–4 жылға қысқарады, одан алынатын өнім 30–40% төмендейді, малдың тірі салмағы жойылады, мал лажсыздан шаруашылыққа жарамсыз болып танылады, ауырып жазылған

малдың басым көпшілігі қысыр қалады және туылған төлдер әлсіз және аурушаң болады. Жоғары өнімді жануарлардың зат алмасуының бұзылу ауруларының ішіндегі мәселелерінің негізгісінің бірі болып кетоз ауруымен күрес болып саналады. Осы уақытқа дейін жиналған көп жылғы тәжірибе және кетоз туралы жиналған мәліметтерге қарамай, әлі де болса, бұл ауруды дер кезінде балау жақтары жеткіліксіз болып отырған жайы бар.

Зат алмасу процестерінің бұзылуына кейбір ас қорыту аурулары себеп болады. Бұл ірі қара малдағы жие кездесетін патология. Мұндай аурулардың белгілеріне азықтанудан бас тарту, алдыңғы қарындардың, күйістің, дефекация актының жұмысының бұзылуы жатады. Бұл топтың аурулар алдын алу үшін ең алдымен баланстық рационды құрастыру қажет. Және де азықтандырудағы кемшіліктер себеп болатын бірнеше ауру түрлері де бар [2].

